



Құрметті әріптестер, өр рухты Махамбет жастары!

Отанды сүю – ерекше бақыт, ал оның аптабына күйіп, аязына шыдау әркімге бұйыра бермейтін бөлек дүние. Оның жолында оза шапсаң да, шоқтай жансаң да, жанып жатып арманда қалсаң да жарасады. Бұл – ата-бабаларымыздың асыл арманы. Біз тәуелсіздікті бабалардың нақылымен, халқымыздың парасатты ақылымен алдық. Тәуелсіздік – тарихтың толқыны, шайқалмай, уақыттың соққысын байқамай өз бетінше тұратын тұғыр ғана емес, оны қолда ұстап тұратын тек шарболаттай шындалған рух, наркескен жаңашыл мінез, арайлы ақ таң үшін күрес. Міне, мәңгілік жасайтын елдің өмірлік ұстанатын кепілі – осы. Мыңжылдықтар тоғысар тұста тәуелсіздік таңын көру бақыты бүгінгі қазақстандықтардың пешенесіне жазылды.

Тәуелсіздік бізге ұлттық, аймақтық және жаһандық көлемде шексіз жауапкершілік жүгін артты. Біз осынау ұлы тағдырды қабыл алып, бірлігіміз бен еңбегіміз арқылы тарих сынағынан сүрінбей өтіп келеміз. Халқымыз Тәуелсіздіктің мызғымас тұғырын бекітіп, Мәңгілік Ел болуға бет бұрды. Сол себепті, Тәуелсіздік күні – баршамыз үшін, күллі қазақстандықтар мен әлемнің барлық қиырындағы достарымыз үшін ұлы мереке. Жасампаз елі жарқын болашаққа бет алған Тәуелсіз Қазақстанның жолы болсын! Ұлы еліміздің ұлы тағдырын айқындаған Тәуелсіздік күні құтты болсын!

Құрметпен,
басқарма төрағасы-ректордың м.а.
Н.Х. Серғалиев



Қадірлі әріптестер, ардагер-ұстаздар, студенттер!

Баршаңызды табалдырығымызды аттағалы тұрған жаңа 2022 жылмен шын жүректен құттықтаймын!

Қазақта «Өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» деген ұлағатқа айналған сөз бар. Біз қашанда өткенге салауат айтып, болашақтан жақсылық күткен халықтың ұрпағымыз. Тарих қойнауына еніп бара жатқан жыл біз үшін берекелі де жемісті болды. Бірліктің бесігіне, татулықтың тұтқасына айналған еліміз дамудың жарқын белесіне көтерілді. Экономикамыз нығайып, әлеуметтің әлеуеті артты.

Біз жаңа жылға үкілі үмітпен қарап, тың мақсат-міндеттер белгілейміз. Әз халқымыз оны қашанда биік көңілмен, кемел пейілмен ерекше қарсы алады. Бұл жыл да Қазақ елінің жылнамасының жарқын беттеріне жазылатын жаңа кезеңнің жалғасы болады деп сенемін.

Жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы баршаңыздың шаңырақтарыңызға табыс пен ырыс әкелсін! Дендеріңізге саулық, істеріңізге толағай табыс тілеймін!

Игі тілекпен,
басқарма төрағасы-ректордың м.а.
Н.Х. Серғалиев



Тұғыры биік тәуелсіздік

9-бет



Махамбет Университетінде
шетелдік ғалымдардың
жұмысы жалғасуда

3-бет

Тәуелсіздік
бәрінен қымбат

5-бет

Ғалым-ұстаздың
бейнесі

8-бет

Оқуға құштар -
УНИВЕРСИТЕТ

9-бет

Елдіктің жеті тұғыры - Елбасы аманаты!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың партияның Саяси кеңесінде айтқан «Елдіктің жеті тұғыры» атты қағидаттар жиынтығын 2 желтоқсан күні ғалым-ұстаздар болып талқыладық, таразыладық. Алдағы уақыттағы мемлекетіміздің дамуына жасалған ізгі қадам деп қабылдадық.

Бұл құжатты өз басым жас ұрпаққа аманат-хат дер едім! Елбасының «Тәуелсіздікті сақтау және мемлекеттілікті нығайту – біздің болашақ ұрпақ алдындағы парызымыз» деген ойы кімді де болса ойландырады. Өлі талай буын өз пікірін білдіреді. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларында ұлттық болмысымыздан ажырамаудың айқын жолын көрсетіп еді. Ал, бұл жолы Тұңғыш Президентіміз 30 жыл ішіндегі Тәуелсіз Қазақстанның дамуының негізгі айшықтарын тұтас қамтып өтті. Елбасы «Әлем картасында Қазақстан деген егемен елдің ойып тұрып орын алуы үшін аянбай еңбек еттік» деп бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсап өткен арманын жеткізе отырып, «Мәңгілік Ел» ету жас ұрпаққа жүктелген тарихи миссия екенін қадап айтты.

Елбасы жер мәселесіне ерекше назар аударды. «Біздің ең үлкен табысымыз – шекарамыздың шегенделгені. Енді ата-баба аманатына адал болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғау, оны болашақ ұрпаққа аманат ету – біздің ортақ борышымыз» деп осыны ұрпақ жадына зерделеп сіңіріп отыр. «Елдіктің жеті тұғырында» «Отбасы мен салт-дәстүр-



қоғамның алтын діңгегіне» айрықша назар аударылды. «Сол үшін дәстүрдің озығын алып, тозығын тастап, елдік болмыстың өзегін сақтай білуіміз керек» деп саналы ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу қажеттігін де атап өтті. Осы мәселеге қатысты республикада «Салт-дәстүр, әдет-ғұрып орталықтарының» жұмысын қайта қолға алсақ жақсы болар еді. Елбасы «Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі» деп мәдениетке ерекше назар аударды. «Басқа халықтарды тек өнер құдіретімен,

ғылыми ізденіспен ғана мойындата аламыз, сол үшін мәдениетімізді зерделеп, өзге жұртқа насихаттай білген абзал» деді. Елді танытатын мәдениет пен өнер. Сондықтан тарихы терең Орал мәдениетіне басым бағыт берілуі тиіс. Соның ішінде ғасырға жуық уақытты артқа тастаған киелі шаңырақ М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің де тарихымен күллі жұртқа бөлісу басты парыз!

Айзада ДЮСЕНОВА

Бұл - біздің уақыт

Әдебиет-өмір шындығы, сөз өнері, тарих айнасы. Сөз - бояу немесе дыбыс емес, барлық халыққа бірдей түсінікті бола алмайды. Бірақ әдебиеттің тілі музыка тілінен гөрі сазды, театр тілінен гөрі затты: симфонияны тыңдаушының бәрі нақты түсіне бермейді, театр сахнасында жүріп жатқан спектакльдің ертеңгі ұрпаққа мұра болып қалғандай қолға ұстар затты дерегі бола бермейді, ал әдебиетте екеуі де – нақтылық та, заттылық та бар. Бейнелеу, сәулет, мүсін өнерлері затты болғанымен жансыз, қимылсыз, ал әдебиет кез-келген шындықты қимыл қозғалыс үстінде құбылта, құлпырта көрсете алады. Сондықтан, сөз өнері – бар өнердің басы, «өнер атаулының ең қиыны және күрделісі» (Бальзак), «ең жоғарғы түрі» (Белинский) десе артық болмас. Қазақ халқының «өнер алды – қызыл тіл» деген білгір тұжырымы да тегін айтылмаған. Әдебиетте де, өмірде де ағыстар, толқындар болады. Соның ең кереметі – кейінгі толқын, жас буын.

Орал қаласында Алатаудың баурайынан ат терлетіп келген жанына ақ қағаз бен қанатты қаламын серік еткен жалындаған жастардың жиыны өтті. Алматының көркем сұлулығын жырға қосқан жас-ақын жазушылардан құралған «burshaq» ұйымымен Жайықтың толқындарынан шабыт алатын «qalam» ұйымы бірлесіп, қаламыздың қақ төрінде жарыса жыр оқып, жастармен әсерлі әңгіме өрбітті. Шара бірнеше күнге созылды. Алғашқы күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі Абат Сатыбайұлы Қыдыршаев қаламызға келген жастармен жүздесіп, өзінің жүрек жарды тілектерін білдіріп, студент жастармен кездесу болды. Қараша айының 16-жұлдызында Х.Есенжанов атындағы жасөспірім және балалар кітапханасында ақын, аудармашы Ақжан Аманжол мен Айжарық Сұлтанқожаның поэзиялық кеші өтсе, келесі күні университетімізде студент жастармен «burshaq» зияткерлік-көңілашар ойыны болды. Осы кеште ұлағатты ұстазымыз Абат Сатыбайұлы мен М.Өтемісов атындағы БҚУ филология факультетінің деканы, философия докторы Айдарбек Ақболатов қазіргі әдебиет, жас жазушының бойында табылу керек қасиеттер туралы ой тербеп, келген қонақтармен ұйымдастырушыларға өз алғыстарын білдірген болатын. Дүбірлі жиынның соңғы нүктесі жазушы, драматург, «Дактиль» онлайн әдеби журналының қазақ бөлімінің бас редакторы Өлішер Рахаттың «Айна», жазушы, сценарист, «Дактиль» онлайн-әдеби журналының проза бөлімшесінің редакторы Берікбол Батанның «Шексіздік» тақырыбындағы проза кештері өтті. Осы бес күн ішінде Жайық жастары әдебиеттің шексіз әлеміне бойлады.

Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА,
Фил-43-топ студенті

Тәуелсіз елдің ұрпақтары

М.Өтемісов атындағы БҚУ-да облыстың белсенді жастарының басын қосқан «Тәуелсіз елдің ұрпақтары» атты облыстық жастар форумы өтті. Жиын ел егемендігінің 30 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылды. Форумда тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктер сөз болып, болашаққа бағдар да жасалды. Егемен елдің еркін тарландары бүгінгі күннің батырлары туралы ой толғап, кемел келешектің де жайына жоспар құрды. Осыдан 30 жыл бұрын бесіктегі бала - бүгінгі күні орда бұзар 30 жасқа келіп, елдің ер түрлі салаларында басшылық қызметтер атқаруда.



Дәл осы шараға да тәуелсіздіктің құрдасы, университет түлегі, Облыстық Маслихат депутаты Утебадиева Шаттық Саматқызы қатысып, жас өрендерге тәуелсіздіктің қадір-қасиеті туралы әңгіме өрбітті. Шаттық Саматқызы: - Мен тәуелсіздікті алтын құсқа теңеймін. Бұл- бақ. Екінші бірінің басына қона бермейді. Бізде сол бақ бар. Бірақ алтын құсты мәпелеп, қамқорлап, аялап ұстамасақ - ұшып кетуі де ғажап емес, деді.

Форум аясында алғы сөз алған университеттің академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, т.ғ.д. Тасмағамбетов Асет Сембайұлы облысымыздың жалынды жастарына Қазақстанның егемендік алғалы бергі жемісті жылдарына шолу жасап, университеттің осы уақыт аралығында жеткен жетістіктерін тізбектеп шықты. Ел болашағы - жастардың қолында екендігін баса айтып, студент жастарға сәттілік тіледі.

Форумға Орал қаласындағы ЖОО студенттері қатысып, бір-бірімен тәжірибе алмасты. БҚУ студенті, «Жыл студенті» номинациясының иегері Смағұл Мағжан белсенді жастарға «Тәуелсіздік жылдарындағы білім мен ғылымның дамуы» тақырыбында баяндама оқып, мемлекет тарапынан жасалып жатқан игілікті шаралардың ізгілігін бүгінгі жастардың толып алып отырғандығын жеткізді:

- 2020 жылдың маусым айынан бастап педагогикалық мамандықтарға түсу үшін шекті балл бірден 70-ке дейін көтерілді. Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын болашақ педагогтарға берілетін шәкіртақы көлемі 50 400 теңгеге дейін жоғарылады. Бұл педагогикалық мамандықтарға деген талапкерлердің қызығушылығын артты-

рып қана қоймай, осы бағытта білім алатын студенттердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға айтарлықтай ықпал етті. Мұның игілігін қазіргі уақытта университетіміздің 1500-ден астам студенті көріп отыр. Ғылымға келетін жастардың қатары артты. 35 жасқа дейінгі ғалымдардың саны 2011 жылы 6,4 мың адам болса, 2020 жылы 8,1 мың адамға дейін өсті. Университет студенттері ғылыми зерттеу жұмыстары мен республикалық, халықаралық дәрежедегі жобаларда жоғары нәтижелерге қол жеткізуде, - деді.

Университет студенттері ұйымдастырған шарада Орал қаласындағы барлық ЖОО-ның студент жастары белсенділік танытты. Келешек түлек, 4-курс студенті, университет белсенділерінің студенттік ректоры Арсен Мусағалиев **«Тәуелсіз ел ұрпақтарының жеткен жетістіктері» тақырыбында студенттерге баяндама оқыды:**

- Халқымыздың біртуар перзенті Өліхан Бөкейхан «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген. Біз шынайы патриоттық сезіммен рухтанып, қасиетті тәуелсіздігімізді одан әрі нығайта түсу үшін бірлесе жұмыс істеуіміз керек. Ұлтымыздың ұлы ұстанымы – қастерлі Тәуелсіздігіміз барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін, - деді.

Сонымен қатар, Арсен Мусағалиев Жәңгірхан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-технологиялық университеті мен Батыс Қазақстан инновациялық технологиялар университетінің студенттік ректорларына университет атынан естелік сыйлықтар табыстап, бірлесе жұмыс жасауға шақырды. Форум соңы әдемі әнмен жалғасты.

Махамбет Университетінде шетелдік ғалымдардың жұмысы жалғасуда

М.Өтемісов атындағы БҚУ Жаратылыстану-география факультеті география кафедрасына ҚР БЖҒМ тарапынан шақырылған Ресей Федерациясы Астрахань мемлекеттік университетінің ғалымы география ғылымының кандидаты, доцент И.В. Головачев оқу-ғылыми іссапармен келіп, желтоқсан айы бойы кафедраның жас оқытушыларына, магистранттар мен студенттеріне біліктілік сағаттарын, дәрістер мен практикалық сабақтар жүргізіп, оқу әдістемелік көмек көрсетеді.



Илья Владимировичтің ғылыми зерттеу бағыты спелеология және карсттану, Солтүстік Каспий маңындағы сульфатты карст пен үңгірлерді зерттеу мен спелеоресурстарды қорғау және ұтымды пайдалану, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру, минералогия, кристаллография, литология, петрография болып табылады. Іс сапар барысында Университет ғалымдарымен Илья Владимирович 11 желтоқсан күні өңіріміздің геологиялық нысандары Теректі ауданында орналасқан Солянка өзені бойындағы мезазой заманының юра кезеңіндегі «Юра қара балшығы» және Төңкеріс ауылы маңындағы «Алебастр жарындағы» минералдарды зерттеу бағытында шолу жұмыстары жүргізілді.

Жаратылыстану-география факультеті

Тәуелсіздікке тарту

Жастар ісі жөніндегі комитеттің ұйымдастыруымен Қол күресінен Әлем чемпионы, дзюдо турнирінен ҚР чемпионы, пікірсайыс ойындарының жеңімпаздары және Түркістан қаласына саяхаттық демалысқа барып келген студенттермен университет студенттеріне арналған ректордың жалпы мәселелер бойынша көмекшісі Т.Е.Дүйсенбаевтың қатысуымен “Тәуелсіздікке тарту” атты кездесу өтті.



Аталған кездесу барысында университет ректорының көмекшісі Төрехан Ерсайынұлына сөз ұсынылып, басшылықтың құттықтауын, алғысын, қашанда студенттерді қолдайтынын жеткізіп, алдағы уақыта кездесетінін атап өтті. Сонымен қатар әр студент өз саласының жеткен жетістігіне тоқталып, қиыншылықтармен, қызықты сәттермен бөлісіп, студент - жастарға бос уақытты тиімді әрі пайдалы өткізуге кеңес беріп, студенттердің қойған сұрақтарына жауап беріп, жастар жақсы мотивация алып, жігерленіп тарқасты.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің жаңалықтары Новости МОН РК

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ ПЕДАГОГТЕРДІ ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ ЖАҢА БҰЙРЫҒЫ ҚР ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНДЕ ТІРКЕЛДІ.

Енді педагогтерді жұмысқа қабылдау жаңа форматта конкурс және нақты критерийлер бойынша жүзеге асырылатын болады. Айта кеткен жөн, аталған өзгерістер мұғалімдерді жұмысқа орналастыру кезінде ашықтықты қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға және жұмысқа қабылдау кезінде меритократия қағидаларын қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұған дейін нақты ереже болған жоқ, яғни мектеп директоры кімді және қандай көрсеткіштер бойынша жұмысқа қабылдау керектігі туралы өзі шешетін. Бірқатар аймақта сағаттар санын дұрыс бөлмей, үш-төрт мұғалім бір ставкаға қабылданған жағдайлар тіркелді. Мұндай жағдайлар қандай себептерге байланысты орын алатынын болжау қиын емес.

Бұдан былай білім беру ұйымдары барлық бос немесе уақытша бос лауазымдарға конкурс өткізетін болады. Бұл шағын жинақты мектептерге қатысты емес. Байқауға біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін мұғалімдер қатысады. Енді толығырақ атап өтейін. Жұмысқа орналасу кезінде үміткер конкурсқа қатысу туралы өтініш береді. Өтініш беруші өзінің бағалау парағын қоса ұсынады. Онда барлық жетістігі, нәтижелері, еңбек өтілі, әкімшілік немесе әдістемелік қызмет тәжірибесі, курстық дайындық және басқа да ақпарат көрсетіледі. Әрбір бағыт бойынша кандидат белгіленген критерийлер арқылы бағалау шкаласына сәйкес өз балдарын дербес қояды.

Конкурстық комиссия өтініш берушінің өзі қойған балдардың, оларды растайтын құжаттардың сәйкестігін тексеріп, қорытынды ұпай шығарады. Нәтижесінде бос орынға ең көп балл жинаған үміткер қабылданады. Субъективизм деңгейі барынша төмендейді. Сонымен бірге бұрынғы жұмыс орнынан ұсыныс хаттар да сұратылады. Үміткер оң ұсыныс үшін 3 балл жинаса, ал теріс ұсыныс үшін 5 балл жоғалтады. Ұйымдар үміткердің қандай да бір бұзушылықтарға, оның ішінде педагогикалық этика бойынша бұзушылықтарға жол берді ме, жоқ па, сол туралы ақпаратты ескере алады. Мұндай фактілер анықталса, педагог кез келген кезеңде конкурстан шеттетіледі.

Ережеде үміткердің біліктілік санатының міндетті түрде болуы қарастырылған. Енді жоғары оқу орындары мен колледж түлектеріне жұмысқа қабылдану үшін дипломның болуы жеткіліксіз екенін атап өткен жөн. Олар Ұлттық біліктілік тестілеуден өтіп, одан әрі мектепте «педагог» бірінші санатын алуға міндетті. Педагог қызметін негізгі жұмысымен қоса атқаратын мұғалімдерді бір пән

бойынша 8 сағаттан аспайтын жүктемемен конкурстық жұмысқа қабылдауға рұқсат етілетінін айта кеткен жөн. Сондай-ақ осы білім беру ұйымының мұғалімдері арасында жүктемесі 8 сағаттан аз бос орындарды үлестіруге болады. Бұл ретте бір пән бойынша бос 9 немесе одан да көп сағатты жасанды түрде бөлшектеуге жол берілмейді.

Қабылданған ереже педагогтермен, сарапшылармен, мектеп директорлары және әдіскерлермен, білім басқармаларының басшыларымен және басқа да білім беру ұйымдарының өкілдерімен талқыланды.

Аталған шаралар сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға және педагог лауазымына үміткерлерді сапалы іріктеуге бағытталған.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСТІ.

Қазақстан мен Өзбекстан білім беру саласындағы ынтымақтастық шеңберінде жаңа келісімге қол қояды. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов пен Өзбекстан Республикасының Халыққа білім беру министрі Бахтиер Саидовтың Нұр-Сұлтан қаласындағы кездесуі барысында мәлім болды. Өзбекстаннан келген делегацияның басты мақсаты – қазақстандық білім беру жүйесіне енгізіліп жатқан жаңашылдықтармен танысу.

Өзбек тарапы бұған дейін екі ел арасындағы өзара іс-қимыл туралы келісімге 1994 жылы қол қойылғанын атап өтті. Өңгіме барысында министр жаңартылған құжат екі республика арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға және жаңа деңгейге шығаруға ықпалдасатынын атап өтті.

Айта кетейік, Қазақстанға келген Өзбекстан Республикасының Халыққа білім беру министрі ең алдымен елордалық мектептерді аралады.

«Менің ойымша, келісім жобасын дайындау кезінде екі ел арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықтың басым бағыттарының барлық спектрі қамтылғаны жөн. Бұл — мұғалімдерді даярлау, біліктілікті арттыру, тәжірибе алмасу мәселелері. Біз мұғалімдеріміздің Қазақстанға сапарын ұйымдастырып, қазақстандық мұғалімдерді Өзбекстанға шақыра алар едік. Бұл тәжірибе мен пікір алмасу барысында пайдалы болады деп ойлаймын. Мен бірқатар қазақстандық мұғаліммен сөйлестім. Олардың әрқайсысы жұмыстарын зор құлшыныспен атқарып, өз елінің болашағы үшін алаңдайтынын байқадым. Мұғалімдер білімді қалай берген жөн, оқушыны тұлға ретінде қалыптастырудың маңыздылығы туралы ойланады екен», – деді Өзбекстан Республикасының Халыққа білім беру министрі Бахтиер Саидов.

Қауіпсіздік бәрінен қымбат!



Желтоқсан айында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті мен Орал қалалық өрт қызметімен бірлесе отырып 2 оқу-жаттығу жұмыстары жүргізілді. Аталған шара барысында студенттер мен қызметкерлерді уақытылы эвакуациялап, сигнализация мен өрт сөндіру құралдарын, тұлғалардың қимыл әрекеттерін мұқият бақылауға ала білді. Барлығы жүйелі түрде өтті.

Университет ректоры инстаграмдағы өз жұмыс парақшасында қызметкерлер мен студенттерге түсіністік танытып, бірге жұмыстанғандары үшін алғыс айтты. Міндетті түрде талдау жасап, тәуекелдерді төмендету шараларын қолға алатындығын жеткізді. БҚО ТЖД ММ Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметкерлері атына полковник Руслан Николаевич Кумыспаевке жеке алғыс білдірді.

«Гендерный калейдоскоп - 2021»

Обеспечение реального равенства прав и возможностей мужчин и женщин – требование времени. В первой статье Конституции Республики Казахстан говорится, что человек и жизнь, права и свободы человека являются самым ценным достоянием. Всего Казахстан присоединился к более чем шестидесяти международным договорам о правах человека. 3 декабря по приглашению Южного Федерального университета проводился Всероссийская научная студенческая видеоконференция с международным участием «Гендерный калейдоскоп-2021».

В видеоконференции приняли участие студенты Москвы, Санкт-Петербурга, Ростова-на-Дону, Волгограда, Уральска (Казахстан) представляющие ряд крупных университетов. С нашего Западно-Казахстанского университета имени М.Утемисова, факультета истории, экономики и права участвовали с докладами студенты специальности международных отношений второго и третьего курса Кристина Липнау по тематике «Понятие и правовое регулирование незаконного аборта», Дукес Актоты по тематике «Гендерное равенство в системе управления как залог успешного развития государства». На этой международной конференции мы смогли послушать много разных докладов на разные темы в котором толкуют, рассуждают, анализируют разные глобальные социологические проблемы как жизненные позиция граждан, гендерные особенности, домашнее насилие в отношении женщин, феминизм а так же семья и брак.

Актоты ДУКЕС, студент спец. МО-32

«ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ АТҚАН КҮН»

Информатика кафедрасының оқытушысы Зухра Максимқызы ИС-11, ВТиПО-11, Ис/у-13 топ студенттеріне «Тәуелсіздік таңы атқан күн» атты ашық кураторлық сағат өткізді. Кураторлық сағат студенттердің өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекетіміздің рәміздерін қастерлеуге, ұлттық сананы бойына сіңіріп оны жалғастырушы болып өсуге тәрбиелеу, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып ел арасында сақталып келе жатқан халық мұрасы бойынша студенттерді имандылыққа, қайырымдылыққа, бірлікке тәрбиелеу, адамгершілік сезімін арттыруға, желтоқсандықтарға әрдайым құрмет көрсетуге, әділеттілікке, ел мен жердің қасиетін ұғынуға тәрбиелеу мақсатын көздеді.



Тәуелсіздіктің оңайлықпен келмегені баршамызға белгілі. Тәуелсіздік бізге желтоқсанның екпінімен келді. Осы орайда топ студенттері желтоқсан құрбандары Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев және Сәбира Мұхамеджанова туралы мәліметтермен бөліссе, тәуелсіздікке арналған өлең жолдарын Рахым Рысгүл, Қайырболат Асыл-Ай, Қазеке Нұрболат мәнерлеп оқыды. Содан кейін студенттер топ кураторы тарапынан қойылған сұрақтарға мүлтіксіз жауап беріп тәуелсіздік тақырыбының мәнін аша түсті. Сонымен қатар «Тәуелсіздікке апарған жол», «Тәуелсіздік

жетістіктері» тақырыбында бейнебаян ұсынылды. Аға куратор Бұлбұл Сағынғалиқызы өз сөзінде кураторлық сағаттың жоғары деңгейде өткізілгендігін айтып өтті. Зухра Максимқызы да студенттерге алғысын айтып, елін, жерін сүйер азаматтарымыз көп болсын деген ниетпен сөзін аяқтады. Кураторлық сағат “Көк тудың желбірегені» әнімен аяқталды.

Рысгүл ПАХЫМ,
«Ақпараттық жүйелер» білім беру бағдарламасының
Ис/у-13 тобының студенті

“Тәуелсіздігім - Тәңірден келген тәтті сый!”

«Тәуелсіздік»... Осынау тарихқа тұнған ұлы сөзді естігенде «Мен қазақып» деген әрбір жанның жүрегінде үлкен сезім орнайды. Себебі, сонау алмағайып кезеңдерде қазақ халқы үшін қымбатқа түскен, ғасырлар бойы ата-бабаларымыздың аңсаған арманы болған осы тәуелсіздік еді. Біз бұл кезеңді көрмесек те, қазақтың таңғажайып тарихын, деректерін оқу арқылы сусындап келеміз.

Қазір тәуелсіз, егеменді, азат елде өмір сүріп жатқанымыз қан кешкен ата-бабаларымыздың арқасы. Түп шежіресі сонау ежелгі түркіден бастау алатын «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы бағзы заманнан бері қаншама өзінің іргелі ел, қабырғалы қалпын, салықалы салтын сақтап қалғаны – еркіндік сүйгіштік жігерінің, асқақ рухының арқасы. Қазақ мемлекеттілігінің түпкі негізі сонау сақтардан басталып, ғұн, қаңлы, қыпшақ, Ақ орда мен Қазақ хандығының жалғасы – бүгінгі тәуелсіз Қазақстан мемлекеті болатын.

Тәуелсіздік-қанымен қара тасқа қашалып, ғасырлар бойғы арман-тілекті бойына сіңіріп, сағым жылдардың елесін арқалап, асыға жеткен арманымыз ғой бұл. Дала төсінде тербеліп тұрар Тәуелсіздік бесігі шартараптағы сағыныштарды біріктіреті сөзсіз.

Тәуелсіздік-ащы термен келген тәтті жеңіс.Төгілген қанның,өлмеген жігердің отымен туындаған ұлы күн. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркениетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық. 30жыл ішінде тәуелсіз Қазақ елін қалыптастырып, нарықтың қиын өткелектерінен аман өткізіп келеміз. Осы кезеңде Қазақстанды дүние дидарындағы ең мықты мемлекеттер танитындай, сыйлайтындай деңгейге жеткізген тұңғыш Елбасымыз Нұрсұлтандай көреген саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда айтып өтеміз.Еркіндікке қол жеткізген жас мемлекеттің алдында жасалынатын көптеген жұмыстар тұрды. Өзінің ішкі және сыртқы саясатын, экономикасы мен валютасын қалыптастыру сынды жауапты жұмыстар тұрды. Осының бәрін отыз жылда орындап, әлем жұртының алдында өзіннің даңқты ел екенін мойындата білді.«Байлық, байлық емес, бірлік байлық» деп «бірлікті» ту еткен тәуелсіз елміз. Тарихымызды таразыласақ, шынайы көңілмен босағамызды аттаған әрбір бейтанысты құшақ жая қарсы алатын тектілікке иеміз. Оның үстіне жақсы ниетпен келгенге опасыздық жасаған жеріміз жоқ. Қазақтың бауырмалдығындай қасиет шынында ешбір халықтың қанында жоқ шығар.Қазекеңнің осындай дархан мінезі өзгелерден оқ бойы озық тұрып,даралап тұрады.

Еліміз Тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі міне 30 жыл. Осынау орда бұзар отыз жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес зайырлы ел болды. Бұл ата-бабаларымыздың сан ғасырлық арманы. Мен-ұланғайыр кең алқапты алып жатқан Қазақстан мемлекетінің перзентімін!Ұлттық салт-санамен сусындап,Азаттықтан рух алып өсіп келе жатырған болашақ қазақтың көк туын әлем сахнасында желбірететін ұрпақтардың бірімін!

Елдің ертеңі - жастардың қолында.

Қазіргі таңда Тәуелсіздікке тікесінен тік тұрып қызмет етер, ел ертеңінің кемел болуына жүйелі жоспар құра алатын жастар өсіп келеді! Мағжан мен Бауыржанның жолын жалғар избасарлардың өсіп келе жатырғанын көргенде бойыңды бір ерекше қуаныш билейді.Тәңірдің теңдессіз Тәбірігі болған Тәуелсіздігіміздің ұлылығы асқақтап, мерейі арта берсін!

«Тәуелсіздік-Тәңір сыйы»

Ғұннан бері шығармай ғұрпын естен,
Қаным-қазақ,түбіміз-түркі дескен.
Жаным азат,бәрі азат,бүгінгі күн,
Басымыздан бодандық бұлты көшкен.

Тәңірінің бір өзі жебеген күн,
Егеменмін!
Кеңейді керегем мың!
Уығың боп көгіңе шаншылмасам,
Мен мынау дүниеге неге келдім?!

Төрткүл дүние елеңдеп елеген күн,
Кемел елмін,
Мен бүгін ерен елмін!
Әлі алда деп бақытқа бөленер күн,
Сене бергім келеді, Сене бергім...

Тастан ұққан тарихын тамырымның,
Дәріптеп ата-баба тағылымын.
Халқыма арман болған еркіндігім
Теңдессіз Тәбірігі Тәңірімнің!

Шегіп айбат,дұшпанға кегі қайнап,
Шейіт болған бабалар жерін ойлап.
Ал бүгінде қан жұтпас небір аймақ,
Елімде енді егілмес Елім-айлап!...

Нұрайзат МАРАТОВА,
МТЖ-11

2 желтоқсан күні аға оқытушы, магистр Маденова Ләззат Мұтиғоллақызы мен ФИ-11, ФИ-12,ФИ/у-13 топ кураторы Шүйншалиева Гүлжанар Сансызбайқызы «Ұлттың ұлы ұстазы» атты А.Байтұрсыновқа арналған рухани-тәрбиелік шара өткізді.

Руханият және тәуелсіздік

Шараға Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері журналист, ақын Қазбек Құттымұратұлы қатысты. Рухани-тәрбиелік шара барысында студенттер А.Байтұрсыновтың өлеңдерін оқып, Қазбек Құттымұратұлынан ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі Ахмет Байтұрсыновтың өмірінен құнды мәліметтерге толы ақпарат алды. Осы күні, сонымен қатар, «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының аға оқытушысы, магистр Маденова Ләззат Мұтиғоллақызы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арнайы «Көркем өнер және еңбек» мамандығының 2 курс студенттерінің туындыларын ұсынып, «Тұғыры биік-Тәуелсіздік» атты суреттер көрмесін ұйымдастырды. Көрмеге сонымен қатар оқытушының «Педагогика» пәні бойынша онлайн өтетін дәріс сабақтарындағы осы факультетпен бірге оқитын «Физика-информатика» және «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» 2 курс студенттері қатысты. Іс-шара студенттердің мамандықтарының ерекшеліктерімен және болашақ мұғалімдерді бір-бірімен араластыру, оффлайн таныстыру форматында өткізілді. Болашақ «Көркем өнер және еңбек» мамандығының суретшілері көрермендерге Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған өз туындыларынан көрсетілім жасады. Елбасымыз «Елдіктің жеті тұғыры» үндеуіндегі биік мақсаттарды айқындайтын келер ұрпақты тәрбиелейтін шығармашыл болашақ маман иелерінің жұмыстарын тамашаладық.

Ләззат МАДЕНОВА,
аға оқытушы, магистр

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҰРПАҚТАРЫ

1991 жылы 16 желтоқсан күні тәуелсіздігімізді алып, тәуелсіз, еркін ел болдық. Бірақ тәуелсіз ел болу жолында қанша қан төгілді. 1986 жылы 17-18 желтоқсан аралығында қазіргі біз секілді 16-17 жастағы балмұздақ студенттер ел үшін, жер үшін алаңға шығып «Қазақты қазақ басқарсын, Колбин кетсін!!!» деген ұранмен көтеріліске шықты. Егемен, тәуелсіз ел болу үшін, өз елімізді қазақ басқару үшін, аналар оқуға кеткен балаларынан айырылды. Өрине, ел болашағы осындай жастарымыздың қолында. Дегенмен, анаға өз баласынан айырылу ең ауыр қаза. Желтоқсан ызғарының құрбаны Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова. Дәл біз секілді бойжеткен қыздар еді. Бірақ балалық шақты артқа тастап, студенттік өмірге аяқ басқанда, қаһарман қазақ қызына айналды. Қайрат Рысқұлбеков Колбинге қарсы шығу мақсатында емес, қазақ қыздарын зорлық-зомбылықтан құтқарып, шашын тартып, тепкілеп жатқанға көзін жұмып қарап тұра алмады. Оның намысшыл жүрегін ешкім елемей, сот отырысында полицей қызметкеріне қол көтердің деп жазаға тартты. Ал, қазақ қыздарын, оқу орындарынан шығарып, жазаға тартты. Көтеріліске қатысқан жастар, тәуелсіз елдің ұрпағы атана алмады. Бірақ бізге сол еркіндік бақыты бұйырды. Тәуелсіз елдің де өз намысшыл ұрпақтары әлі бар. Жоғарыда айтып өткен аға-апаларымыз бізге тәуелсіз елді алып берсе, біз сол елдің дамуы үшін жоғарғы білім алып, барша рухани жаңғыру шараларына белсене қатысып, түрлі марапаттар алып, медаль алып тырысудамыз. Елдің болашағы-жастар. Сондықтанда тек жоғарғы оқу орнындағы емес, бүкіл Қазақстанның намысын қорғайтын марапаттар иегері атануға білім алып, ізденеміз. Тәуелсіз елдің ұрпағы болғандықтан, қай жерде болсақта басымызды тік ұстап, сөз мәнерін дұрыстап мәдениетті жүруіміз міндет. Желтоқсан қаһармандары сан жылдардан кейін ақталып шықсада, бізге әр 16 желтоқсан, тәуелсіздік алудағы ызғарлы көтерілісті еске алып, аға-апаларымызды еске алу кешін ұйымдастырған абзал. Тәуелсіз елдің ұрпағы болуда бір мәртебе!

Бибі ЖАЙЫҚ,
Филология факультетінің 1 курс студенті

Кураторлық сағат Д.Н.Курмашеваның «Тәуелсіздік шежіресі» тақырыбындағы баяндамасымен басталды. Содан кейін интеллектуалдық ойынның тізгінін И-31 топ студенттері Уан Өркен мен Есмаганбетов Биржан алды. Интеллектуалдық ойын «Кім көп біледі», «Салтанатты сәулет», «Әуезді әуен» сияқты кезеңдерден тұрды. Топ студенттері “Тәуелсіздік» және «Бәйтерек» атты екі топқа бөлінді. Студенттер тәуелсіз еліміздің тарихынан құралған сұрақтарға белсенді жауап беріп өз ойларымен

Тәуелсіз елім - тірегім

2 желтоқсан күні тарихымызда алтын әріппен жазылған тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай физика-математика факультеті информатика кафедрасының аға оқытушысы Д.Н.Курмашеваның ұйымдастырумен И-31, И-32 және И/Англ-3 топ студенттеріне “Тәуелсіз елім-тірегім” атты кураторлық сағат оздырылды. Кураторлық сағат интеллектуалдық сайыс форматында ұйымдастырылды.

бөлісті. Сайыс жеңімпаздары анықталды. Кураторлық сағат соңында ұлттық рухты көтеру мақсатында бейнебаян көрсетілді.

Топ кураторы Д.Н.Курмашева сайыс жеңімпаздарын құттықтап студенттердің қысқы сессиясына сәттілік тіледі.



Ералхан КӘРІМ,
И-31 топ студенті

Біз кімбіз?! Еліміз үшін, жеріміз үшін? «Аттан!» деген сөзден жанын шүберекке түйіп, жанталаса жүгірген бабамыздың ұрпағымыз. «Оян, Қазақ» деп ұлтың сүйіп сенделген, халқы үшін шырылдаған Алаш зиялыларының жұрнағымыз. Тарихтың жеңісі мен арпалысын, езгісі мен ерлігін көз алдымызға үрей мен үміттің арасында елестеткен ел сеніміміз. Біз - тәуелсіз елдің ұланымыз. Біздің көкірек көзі үлпілдеген кеудемізде кешегі еркіндік үшін егескен, намысы нар құлатқан жүрек жұтқан жандардың жаны, азаттықтың арайына ақыл-парасаты алқынған Алаш қайраткерлерінің қаны, талабы таудан биік боздақтардың ерлік табы бар. Тәуелсіздік жолында көз ілмеген көздер, зілі батпан сөздер, абыр-дабыр кездер тарих сахнасында тайға басқан таңба болып қала береді. Өкінішке өзегі өртенген сол өткен тарих жаңғырмайды да, қаңғырмайды да. Ел ертеңі жастардың жалынын тұтату үшін, қит етсе төбеңнен қараңғы түнек торлайтын қателіктерге жол берілмеу үшін, мәнін жоғалтпайды.

Он бір жыл оқыған мектеп қабырғасы ұлықтарды ұлағаттады, мұрағатты дәріптеді. Апыр-ай?! Бірақ соншама уақыт бостандықтың бал дәмін татпаған боздақтың батыл әрекетін «жан дірілдеп» неге сезінбегем? Мойыма жауапкершілік арқалаған сәттен бастап, ой толғанғанымнан болар.

2020-шы жыл, 18 жасым. Тәуелсіздік қарсаңында көңіл шерін бір шертіп көріп едім, жан-дүнием алай-дүлей күй кешті. Бейқамдықпен білсем де, алғаш рет «тәуелсіздік» дейтін нығыметтің демін терең тартып, қадірін сезіндім. Байырғы батырлар, кешегі құрбандар санамда сан түрлі ерліктің үлгісін көрсетті. Елдіктің белгісі шынайы еркіндікті көрсетті. Асылында, иә шынымен де... Ойлаңызшы, біздің осылай жайбарақат өмір сүріп, маң-маңдап жер басып жүргеніміз жанын қиған жандардың арқасы емес пе?! Олар не себепті өз өмірін құрбан етуге тиіс? «Қазақ» деп дүрсіл қаққан жүректің жұмсақтығы, қайраты қатты, ары биік ұландардың, тұлғалардың тыным таппай қарекет қылғанын қалай жан-дүниемізбен сезінбейміз? Өмірі қазақтың ертеңгі өміріне байланған жандардың жаны тағдыр жолында қанша тілгіленсе де, олар ұтылмады, ұмытылмады. Өмірінің мәнін таба білді. Баяндағым келгені «тәуелсіздік жылдары, жолдары, қанды азабы, жетістігі» деген ой емес. Жай ғана сол сәттерді сезіну. Шынайы. Жүрекпен. Мен осыны ойлап, сол жылы тәуелсіз елде тұрып, арайлап атқан таңның шұғыласына «шүкір» дедім. Шүкір.

Тамшы болып дір еткен жанардан мұң, Азат жолдың азабы аларған күн. Бабалардың байырғы бостандығым Бірі еді ежелден сан арманның.

Өмірдегі болғанмен уақыт тығыз, Қайғы-мұңға кешегі батыпты жүз. Жүрекпен қалағанын өз бабамның, Көзбен көрген біз неткен бақыттымыз!

Тауқыметке тақалғанмен тағдырыда, Түсіну қажет басты заңды мына:

Егемендігіміздің отыз жылдық мерекесіне орай Физика-математика факультетінде 1-2 курс студенттері арасында «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыбында эссе сайысы оздырылған болатын. Сайыс қортындысы бойынша әділғазы мүшелерінің шешімімен бірінші орынды Физика-Информатика мамандығының 2 курс студенті Бисенғали Саябек, екінші орынды Математика-физика мамандығының 1 курс студенті Сәменов Берқайыр, үшінші орынды Математика–физика мамандығының 2 курс студенті Сағынтаева Назерке иеленді. Аталған жұмыстарды назарларыңызға ұсынамыз.

Тәуелсіздік бәрінен қымбат

Тәуелсіз ел ұландары татулыққа тәуелді болса екен барлығыда.

Саябек БИСЕНҒАЛИ

Еркіндік..! Азаттық..! Тәуелсіздік..! Бір – бірімен үндесіп, бірін – бірі толықтырып тұрған бір үлкен қорған секілді. Қазақ халқы үшін - ең қымбат, ең асыл, ең берік қорған. Осы берік қорғанның панасында уайымсыз күн кешкенімізге биыл 30 жыл толып отыр. Ширек ғасырға жуық уақыт бодандықта болған халқымызға осындай берік қорғанды орнату арзанға түспеді. Еркіндік бізге тәуелсіздік шежіресінде есімдері алтын әріптермен жазылған Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев сынды халықтың қаһарман ұл – қыздарының төгілген қанымен, қиылған жанымен келді.

Кешегі қанды желтоқсанның қаһарлы аязында алаңға шыққан қазақ жастарының азапты тағдырын көрген Жайығымның жайсаңы Жұбан Молдағалиев Колбиннің алдында: «Сіз бен біз балаларымызды төбелестіріп, қыздарымның шашын сенің ұрпағың жұлу үшін соғысқа бардық па? Осы Отанды сол үшін қорғадық па?.. Мынандай сұмдық көргенімше, кешегі қырғын соғыста неге өліп кетпедім екен?!» - деп қазақ жастарын қасқая қорғаған жалғыз ақын болатын. Сұрапыл соғыстан аман қалған қасиетті Отанымыздың төрінде бейбіт күнде төгілген жастардың қаны қаншама отбасына қайғы әкелді, қаншама жүректерді жаралады, қаншама жанды жетім, жесір атандырды?! Бұл – өлшеусіз қасірет.

Тәуелсіздік жылдарындағы қаламы қарымды ақындар қатарынан орын алатын Қалқаман Сарин ағамыз «Тәуелсіздік!» өлеңінде:

Уа, еркіндік!
Құның немен өлшенді?!
Сені көксеп
Боздақтарым өлсе , елді,
Сенсің менің ең ғажайып өлеңім,
Ең шуақты,
Ең шырайлы,
Ең шерлі!

Әр тағымды сүйіншілеп тұрайын –
Құдай берген ғұмырымда өлшеулі!
– деп, еркіндік құнының қаншалықты биікпен өлшенетінін жүрек сөзімінен жеткізген. Боздақтарымыз ж е т е алмай қиылып к е т к е н

еркіндігіміз үшін әр тақымызда алғыс айтып отыру – тірілердің парызы десем, артық болмас.

Тәуелсіздігіміздің қымбат болуы да сондықтан. Бүгінгі ұялы телефонның түсініксіз ойындарына телмірген, өз тілінде жатық сөйлей алмайтын жастарымыздың көпшілігі өткенімізге көз салмауы да мүмкін. Дегенмен, «Тамшы тас да теседі» деген халық мақалын естен шығармай, еліне жаны ашыған әрбір елжанды азамат тәуелсіздіктің мән-мағынасын шаңырағынан өрбіген ұрпағына айтып, санасына құюды мақсат етсе, нәтижесін көретінімізге сенемін. Еркіндік қыраны қанатын кеңінен жайған көгілдір байрағымыздың әрқашан биікте болуы әр қазақ баласының адалдығына, адами құндылықтарды құрметтеп, елінің ертеңіне зор сеніммен қарауында деп білемін. Алтын ордадай 30 жасқа толған Тәуелсіз Қазақстанымыздың тұғыры берік болып, мәртебесі биік болса екен деген ақ тілегім қабыл болғай!

Назерке Сағынтаева

Биыл – Алаш баласын шексіз қуанышқа бөлеген, арманымызды ақиқат еткен, іргелі ел, дербес мемлекет екенімізді әлемге жария қылған Тәуелсіздігіміздің ордалы 30 жылдығы.

Қазақстан осы ширек ғасырдан сәл асатын қысқа мерзімде жеткен жетістіктерімен, бағындырған белестері орасан зор. Бүгін міне сол ынтымақ, бірлік, татулық салтанат құрған елдің мәртебелі биігінде, мерейлі белесінде өмір сүріп жатырмыз.

Төтеннен келген тосын індетке қарсы күрес те жүйелі жүрісіне түсті. Бұл тұста да халқымыздың өзгенің қайғысы деп бөлмейтін ізгілігі, қайырымдылығы сынды ежелден қанында бар қасиеттері айрықша айшықталып, бәріміз бір тұтас болып біріксек қиындық жоқ екенін көрсетті. Өкінішке қарай, әлемді жайлаған пандемия әлі жалғасуда. Алайда, бұл індетті де жеңіп шығатынымызға сенімдімін.

Барлық адам бақытты болу үшін жаратылған. Ал бақытты болып, еркін өмір сүріп жүргеніміз әріне тәуелсіздікке байланысты. Біріншіден қазір ойнап-күліп жүруіміз тәуелсіздік үшін жан пида еткен ата-бабаларымыздың арқасында болса, екіншіден осы тәуелсіз елді басқарып, жайқалтып отырған мемлекет басшымыздың және тұңғыш президентіміздің арқасында.

Осы жуық арада, Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысындағы сөзін тыңдадым. Тұңғыш Елбасымыз сөйлеген сөзінде партия іс-қимылын саралап, елімізде және әлемде қалыптасқан ахуалға байланысты алда тұрған мақсаттар мен оларды іске асыру жөніндегі міндеттерді айқындап берді. Сонымен қатар, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Саяси кеңестің кеңейтілген отырысындағы сөзінде партияның саяси салмағының басымдығын айтып, Тәуелсіздіктің төртінші онжылдығына қадам басқан еліміздің алдында тұрған межелер жайын айтты. Өз сөзінде елдіктің жеті тұғырын айқындаған Елбасы «Табыстың кілті үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуде. Адал еңбек қана адамды мұратына жеткізеді. Осыны жастардың санасына сіңіру қажет» деген тұжырым айтты. Мен осы сөздерге толық қосыламын. Еліміздің көп жетістікке жетіп, биік белестерді бағындыруында жастардың, яғни біздің алатын орнымыз орасан зор.

Егемендіктің 30 жыл ішінде еліміз айтарлықтай экономикалық, саяси және демократиялық жетістіктерге қол жеткізіп, ең бастысы елімізде бейбітшілік пен ұлттар арасындағы келісім нығая түсті.

Махамбет Өтемісұлы атындағы университетте білім алып жатырғанымның өзі мен үшін үлкен мақтаныш. Тарихымызда ойып тұрып орын алған тұлғаның есімі берілген университетте бізді бірлікке, адалдыққа, отбасы мен елге деген сүйіспеншілікке де үйретуде.

Менің әкем Желтоқсан көтерілісін көзіме көрген адам. Сол жылдардағы қазақ халқының қиын кезеңдерін әрқашан сөзге тиек етіп отырады. Бір үзім нанның қадірін білуді, ысырапшылдық пен көрсе қызарлыққа жол бермеуді бізге үйретіп отырады. Әсіресе, туған жер мен елімізге деген сүйіспеншілікті кішкентайымыздан бала көңілімізге құйып өсіріп келеді. Әкемнің, сол бір көтерілісті көзімен көріп, қиын-қыстау жылдардың дәмін көргендігі бізге осы тәуелсіз елдің оңайлықпен келмегендігін 2-3 есе қиын болғандығын сезіндіріп қана қоймай, ысырапшыл болмай, туған елдің, ағайын мен қандастың қадірін білуді үйретті.

«Тәуелсіздік» сөзінің өзі жанымызға жылу, бойымызға күш, қуат береді. Басқа қонған бағын бағалайтын ел байлығын еселей отырып, тек алға ұмтылады. Біздің басты байлығымыз – пейілі даладай дархан, бірлігі болаттай берік халқымыз! Тамыры терең, қазығы берік осындай елі бар мемлекеттің Тәуелсіздігі де баянды болады. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы!

Берқайыр СӘМЕНОВ



С.Качмарек мырза зоология мұражайының құрылымы, оқу-тәрбие, ғылыми-ізденіс, білім алушылардың ой-өрісін кеңейту, табиғатқа қызығушылығын арттыру, қорғау және сақтау бағыттарындағы іс-әрекеттерді жоғары бағалап, ризашылығын білдірді.

Еуропада ұйымдастырылған зоологиялық мұражайлар:



Дрезден зоологиялық мұражайы

Дрезден зоологиялық мұражайы Еуропадағы ең үлкен, ең көне табиғи мұражайлардың бірі. Ресми ашылуы 1728 жыл. Мұражайда 6 миллионнан астам зоологиялық экспонаттар, олардың ішінде омыртқалы жануарлар 231 мыңнан астам.



Париждегі Ұлттық табиғи мұражайы

Франциядағы көне ғылыми және білім беру орталығы болып табылатын Париждегі Ұлттық табиғи мұражайдың негізі 1793 жылы қаланды. Ол галереялар, хайуанттар және бақтардың тұтас кешені.



Кембридж зоологиялық мұражайы

Кембридж зоологиялық мұражайы 1814 жылы құрылған. Мұражайдың негізін қалаушылардың бірі Ч.Дарвин. Мұражай аумағында көрме залдарынан басқа ғылыми зерттеулер жүргізеді, экспонаттар мен коллекциялар жасақтайтын зертханалар мен ғылыми кабинеттер бар.



Гамбург зоологиялық мұражайы

Гамбург зоологиялық мұражайы 1843 жылы ұйымдастырылған Гамбург табиғаттану мұражайынан бастау алады. Бұл мұражайда жануарлар әлемінің 10 миллионнан астам жәдігерлері сақталған, соның ішінде динозаврлардың қаңқалары мен әлемнің түкпір-түкпірінен әкелінген осы заманғы жануарлардың үлгілері бар.

Ресейде XVIII ғасырда ашылған ежелгі жаратылыстану ғылымдар мұражайы - Петербург Кунсткамера



Ресей ҒА Зоологиялық институтының Зоология мұражайы

БҚУ байлығы - зоологиялық мұражай

Жаратылыстану-география факультетінде аға оқытушы Қ.Б.Булатованың ұйымдастыруымен «Зоологиялық мұражай, оның қалыптасу тарихы» атты үйірме отырысы өтті. Аталмыш шараға Биология және экология кафедрасы МБ-21 топ 2 курс магистранттары, Б-11, 1 топ студенттері, Орал қаласы №41 мектеп-лицей оқушылары, факультет деканының орынбасары Әсемгүл Қайратовна, каф.меңгерушісі Римма Жамбуловна, Польша, Ұлы Казимир атындағы университеті б.ғ.д., профессор С.Качмарек және кафедра оқытушылары: С.М.Кабаева, А.С.Ергалиев, С.Н.Бохорова, А.С.Бисенгазиева т.б. қатысты. Жиынның негізгі мақсаты- білім алушыларды зоологиялық мұражай, оның қалыптасу тарихы, дамуы және Жаратылыстану-география факультеті, биология және экология кафедрасының зоология мұражайын ұйымдастыру тарихы, білім беру-ағарту, ғылыми-ізденіс, оқу-тәрбие жұмыстарындағы орнымен таныстыру. Шара барысында МБ-21 топ магистранттары Боранбайқызы Назерке «Зоологиялық мұражай және оның қалыптасу тарихын», ал Шербалиева Диана «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті мұражайының бөлімі Жаратылыстану-география факультеті, биология және экология кафедрасының зоология мұражайы» тақырыбында баяндама оқыды.

1714 жылы ұйымдастырылған алғашқы отандық Кунсткамера мұражайының Табиғи кабинетіндегі зоологиялық коллекциялар негізінде 1832 жылы құрылған.

Орталық Қазақстанда 1948-1957 жж палеонтолог-ғалымдар және геологтармен жинастырған ежелгі тарихилыққа дейінгі жануарлар сүйектерінің жинақтамасы ҚазКСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қ.И.Сәтпаевтың қолдауымен мұражайдың ашылуына себеп болды.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті мұражайының бөлімі зоологиялық мұражай 1939 ж. ұйымдастырылған. Оның негізін қалаған кафедра меңгерушісі жаратылыстану ғылымдарының кандидаты, орнитолог Арнольд Робертович Штамм.

1951-1968 жж. кафедра меңгерушісі қызметін атқарған б. ғ. к., Қаз СРО оқу ісінің үздігі Авдей Алексеевич Цыганков мұражайдың дамуына, материалды-техникалық базасын қалыптастыруға үлкен еңбек сіңірген.

Университеттің маңызды білім беру - ғылыми бөлімдерінің бірі болып саналатын зоология мұражайы, студенттер, университет қызметкерлері, мектеп оқушылары және т.б. бұқара халық топтары үшін оқу-әдістемелік және ғылыми база болып есептеледі.

Мұражай болашақ ұрпаққа туған өлке табиғатына ықыласпен қарау, биологиялық алуантүрлілікті сақтауға жауапкершілік қалыптастыру мақсатында, маңызды тәрбиелік қызмет атқарады.

Зоология мұражайы тақырыптық, остеологиялық, ылғалды препараттар, бунақденелілер және теңіз омыртқасыздарының коллекциялары және оқу процесіне қолданылатын үлестірме қор бөлімдерімен қамтылған.

Көрме залында құстар, сүтқоректілер, бунақденелілер т.б. бөлімдер орналасқан.



Алматы қаласы Табиғат мұражайы

Табиғат мұражайы 1961 ж 29 сәуірде ҚазКСР ҒА Президиумының № 44 Қаулысына сәйкес Қаз СРО-ның 40-жылдық мерей тойына орайластырылып ашылды.



Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ, биология факультетінің биологиялық мұражайы

Қазақстанда алғаш ЖОО аясында ҚазМУ-нің омыртқалылар зоологиясы кафедрасында 1936 ж. зоологиялық мұражай ұйымдастырылды, 1949 жылы биологиялық мұражай болып өзгертілді.

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті мұражайының бөлімі зоология мұражайы



Құстардың 121 түрге жататын 125 тұлғыбы орналасқан. Оның 78 түрі Қазақстан аймағында, 33 шет аймақтардан (ТМД елдері), 10 түрі Қазақстанның Қызыл кітабына енген түрлер: Кезқұйрықты субүркіт, Қарабай, Кіші аққұтан, Қарабауыр бұлдырық т.б. Зоология мұражайының құндылығы:

Батыс Қазақстан облысының жергілікті фаунасын зерттеген және жануарлардың коллекцияларын, тұлғыптарын жасақтап, мұражай материалдарын жаңарту, толықтыру бағытында бірнеше ондаған жылдар жұмыстанған кафедра оқытушыларының дайындаған экспонаттары.



Қ.Б.Булатованың оқушыларды факультетпен таныстыру сәті

С.М.КАБАЕВА,
биология және экология кафедрасының оқытушысы



ФИЛОЛОГИЯ факультеті

«Мәтжан Тілеужанов мұрасы»

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің екінші курс студенті және М.М.Тілеужанов атындағы атаулы шәкіртақы иегері Азатова Жансая Мейрамбекқызының ұйымдастыруымен желтоқсан айының жетінші жұлдызында ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиет зерттеушісі, фольклорист М.Тілеужановқа арналған «Мәтжан Тілеужанов мұрасы» атты дөңгелек үстел өткізді.



Шарада М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы М.Тілеужановтың өмірі мен еңбек жолы туралы сөз қозғады. Дөңгелек үстелде ғалымның шығармашылығына ерекше ден қойылып, даналық сөздерінің мән-мағынасында тоқталып өтті. Абат Сатыбайұлының Қазақ тілі, әдебиетінде оқитын жастардың рухы биік, олардың бойында тектілік бар дегенінің өзі болашақ филологтарға ерекше үміт, алға ұмтылуға нық қадам, сенімділік берді деген ойдамын.

Шара барысында ұйымдастырушы - Азатова Жансая

Мейрамбекқызына және филология факультетінің деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-Болат Гүлжан Мұратқызына сөз беріліп, өз жылы лебіздерін білдірді.

Қорыта айтқанда, М.Тілеужановтың өмірінде болған тәжірибесі бізге сабақ болды. “Жас кезінде жалындандар, алар асуларың әлі алда”, - деген Абат Сатыбайұлының сөзі болашақ жастарға ерекше жігер тудырды..

Шараға ат салысқан барша жандарға алғысымыз шексіз!

Янгүл МУКАТОВА,

Филология факультетінің 1 курс студенті

“Филология факультетінің үздіктері”

Университетімізде әр факультеттің үздіктерін анықтаған болатын. Әр факультеттен үздік деп танылған студенттерге университет ректоры Серғалиев Нурлан Хабиболлаұлының атынан “Құрмет грамотасы” берілді.

Еліміздің әлемдік аренада жарқырауына, университетіміздің өркендеуіне, факультетіміздің гүлденуіне өз үлестерін қосып жүрген ең таңдаулы студенттер марапатталды. Сонымен қатар, филология факультетін жандандырып, факультет үшін аянбай еңбек еткен студенттерімізді атап өтсек.

Құрмет грамотасы: Берікқали Сауат Саматұлы, “Қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығының 4-курс студенті, экс студенттік декан, **Бисенғалиева Аружан Нурзаловна,** “Шет тілі: екі шет тілі” мамандығының 4-курс студенті, белсенді студент, **Амангелді Ермахан Боранбайұлы,** “филология: қазақ тілі” мамандығының 4-курс студенті, “Ақиқат” пікірсайыс клубының дебатары, **Қадырқұлов Нұртілеу**

Бауыржанұлы, “филология: қазақ тілі” мамандығының 4-курс студенті, ақын, көптеген облыстық республикалық жыр-мүшәйраларының жеңімпазы.

Алғыс хат: Сламғали Аманжол Рахымжанұлы, “филология: қазақ тілі” мамандығының 4-курс студенті, ақын, көптеген облыстық республикалық жыр-мүшәйраларының жеңімпазы, **Гадилжанова Гульназ Нугмановна,** “қазақ тілі мен әдебиеті” мамандығының 3-курс студенті, филология факультеті студенттік деканының міндетін атқарушы. Аталған студенттерге факультет атынан алғыс білдіреміз! Толағай табыс, зор денсаулық тілейміз! Университетіміздің абыройын асқақтатар студенттеріміз көп болсын!

Назкен ИВАНОВА,

Филология факультетінің 1 курс студенті

“FF премия”

Желтоқсан айының жетінші жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің студенттері арасында “FF премия” атты салтанатты кеш аталып өтті.

Бұл кештің мақсаты: факультетіміздің жалынды жастарының арасынан үздіктердің үздігін анықтап мадақтау. Бұл кеште 1-курстар арасынан қоғамдық шараларға атсалысып, университетіміздің гүлденуіне өз үлестерін қосып жүрген студенттерге факультетіміздің деканының атынан алғыс хаттар берілді. Кешімізге келген көрермендерге көңіл күйлерін көтеру мақсатында ән шашу тарту етілді.. Сонымен қатар, жоғарғы курсты тәмәмдап жатырған жалынды жастарының алтыннан құйған асықтай, күмістен құйған қасықтай, маңдайдан аққан терлерін, филология факультетіне сіңірген еңбектерін бағалап, филология факультеті ұжымының атынан мадақтаулар берілді.

Атап айтсақ, «ФФ-Полиглоты» Талапова Асель, «ФФ- Эрудиті» Ахметжан Аяулым, «ФФ-Қаламгері» Бақытбаева Гүлбибі, «ФФ-Жанашыры» Сюндюков Али, «ФФ-Белсендісі» Төрен Дариға,



«ФФ-Координаторы» Бисенғалиева Аружан атанды. Қаламды серік еткен студенттердің ең үздіктері анықталып, марапаттар өз иелеріне табысталды. Соның бірі «ФФ-Ақыны» Сламғали Аманжол, «ФФ-Көшбасшы» Берікқали Сауат атанды. Үздіктердің үздігі, ең талапты, ең белсенді студенттер марапатталды.

Гульназ АЮПОВА,

Филология факультетінің 1 курс студенті

Елімнің бақытын тербеткен - ТӘУЕЛСІЗДІК

Биыл тұғыры биік тәуелсіздігімізге 30 жыл толды! Бұл еркіндігін аңсаған ата-бабамыздың азаттығын айқындайтын әйгілі кезең. Дәл осы кезеңге орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультеті ұйымдастырған «Елімнің бақытын тербеткен - Тәуелсіздік» тақырыбындағы атаулы концерттік шара атап өтілді.

Шара тәуелсіздікке арнау арнаған жас ақындарымыздың өлеңдерімен басталып, әсем көріністермен жалғасын тапты. Ән шырқалып, би биленді. Шара барысында көрермендерге сұрақтар қойылып, желтоқсан тарихына шолу жасалды. Атаулы шара көрерменнің ыстық лебізі мен қошеметіне бөленумен аяқталды.

Тәуелсіздік үшін күрескен жандардың асқақ арманы орындалған күн, егемендігіміздің 30 жылдығы құтты болсын! Еліміз көркейіп, асқақтай берсін!

Аяулым СЕРІКҚЫЗЫ,

Филология факультетінің 1 курс студенті

Тәуелсіздік тірегі - тіл

Еркіндік кеп, елім жайып қос қанат,
Болашаққа бағыт болмай бос талап.
Қыран қазақ қадам басып, қарқында
Қарқыныңды құдай өзі қоштамақ.

Тарих таңба көшің талай теңселді,
Тауқыметті төзімді елім еңсерді.
Тік Қарағай берік болып тамырың
Бұқпаламай биік ұста еңсеңді

Тарих таңба қанға біткен қазаққа,
Сол қаныммен жыр жазамын алапқа.
Бозарып таң атты жұртым білесің,
Білекті ерім ер салып шап боз атқа!

Сан ғасырлар тұмшалады жүзді мұң,
Азат елміз, тәуелсізбіз біз бүгін.
Қадірлейік тарту еткен қазаққа
Тәңір өзі тәуелсіздік тізгінін.

Тәуелсіздік тірегі - Тіл, сыңар жұп,
Ана тілге қарамайық тым албырт.
Тәуелсіздік және тіл мен дініңді
Тәңір өзі тағып берді тұмар ғып.

Ақжүніс НАСИЕВА,

Филология факультетінің 1 курс студенті

Тәуелсіздік-айбыным асқақтаған,
Шұрайлы жерің,көк туың қымбат маған
Мен өмірге келген сәтте бір өзіңнің,
Кең далаңда бөбек боп ойнақтаған.

Азат күн туды еркіндікті аңсаған,
Отыз жылда ай жасарып,жайнаған.
Асыл арман ақиқатпен тең келіп,
Басымызға еркіндіктен бақ қонған.

Тәуелсіздік жүрегімнің төріндесің,
Өлең боп әр кеудеме өрілесің.
Өзіңнен бастау алар барлық сөзім
Сондықтан сен өзіңнің көгіңдесің.

Жастықтың алаулатқан ыстық қанын,
Елімнің орнатқан ырыс бағын.
Жарқырап,жайнай берші тағы да сен,
Лаулатып қазағымның суық жанын.

Күллі адамзат мойындаған қазақты
Бастан кештік талай қырғын азапты
Көк байрағым көк аспанда желбіреп
Бар әлемді бір өзіңе қаратты.

Қайран жұртым енді алда сүрінбегін,
Талай қилы кезеңде де сүрінбедің.
Тәуелсіздік әлі де жалғасады,
Сондықтан сен ешқашан түнілмегің.

Айна ДАУТОВА,

Филология факультетінің 1 курс студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
Иванова Назкен

Адам жанының зерттеушісі - Кеңес Айтжанұлы

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде педагогика және психология кафедрасының доценті Кеңес Айтжанұлы Нұрғалиев мерейлі 70 жасқа толуына орай «Психология ғылымы, жүйелілік, сабақтастық, жаңашылдық» тақырыбында халықаралық дөңгелек үстел өтіп, оған алыс-жақын шет елдерден ғалымдар қатысты. Талай шәкіртке тәлім беріп, қанатын қатайтып, үлкен өмірге жолдама берген ардақты ұстазға өзі еңбек ететін оқу орының қабырғасында ерекше құрмет көрсетілді. Саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған мерейлі жастың иесі еліміздегі психология саласына сүбелі үлесін қосып келеді.

Университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы арнайы қабылдауында құттықтап, ғалым-ұстазбен әдемі әңгіме өрбітті. Ал, дөңгелек үстелде әріптестері мен шәкірттері Кеңес Айтжанұлының жетістіктерін жіпке тізіп, туған күн иесіне тәтті тілектерін жеткізді. Онлайн байланыста Ресей ғалымдары қатысып, ғылыми жұмыстарын талқылады. Айта кету керек, Кеңес Нұрғалиев 36 ғылыми еңбектің авторы.



Ғалым-ұстаздың бейнесі

Еліміздің батыс өлкесіндегі психология ғылымы сөз бола қалса, алдымен, ғалым-ұстаз Кеңес Айтжанұлы Нұрғалиевті айтамыз. Бүгінде жетпістің белесіне көтерілген ғалым – еліміздің психология ғылымына өлшеусіз үлес қосқан дара тұлға.

1988 жылы сол кездегі А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенті атанған кезімізде психология пәнінен дәріс оқыған ұстаз Кеңес Айтжанұлы болды. Ал семинар сабағын тәжірибелі ұстаз Темірғали Қайырғалиев жүргізді. Қазір есіме алсам, үнемі 416-шы дәрісханада жүретін осы сабаққа басында студенттер үрке қарағанымен, соңынан қызығып, ағайдың дәрістерінен қалмайтын болды. Шешен лектордың өзіндік шынайы дискурсы барлық сыншыл деген студенттерді баурап алып кететін еді. Қазақ этнопсихологиясын терең зерттеп жүрген Кеңес Айтжанұлы – қазақ ұлтының бар мінезін толық аша білген ғалым. Өз дәрістерінде, тіпті, қазақ филологиясының студенттері естімеген тілдік оралымдарды шебер қолдана білуімен шәкірттер жүрегіне жол таба білген ұстаз ретінде қалың көпшілікті бірден мойындатты. Өзімнің топтастарым, атап айтқанда, Ербол Дәулетов, Асан Қайыров, Жәнібек Есімов, Есеняз Базаров және қатар оқыған басқа да студенттер ағайдың дәрістерінен көп мағлұмат алатынын айтып жүрді. Оның келбетінен ұстаздық мейірім қашанда төгіліп тұратын. Студенттерді тексеру, олардың бағасын төмендету дегенді ағай мүлдем білмейтін. Керісінше, студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту, ғылыми журналдарды оқып, талдауға үйретуді жаны жақсы көретін. Мәселен, ағайдың басшылығымен этнопсихология бойынша ғылыми конференцияларға қатысып, жобалар дайындағаным есімде. Психология бойынша университетішілік олимпиадаға қатысып, К.А. Нұрғалиев, Т. Қайырғалиев жетекшілігімен әртүрлі психологиялық тапсырмаларды орындағанымды білемін. Ағайдың сан салалы ғалым екендігін сол кездегі дәрістерінен аңғаратынбыз. Сол кездің өзінде бірқатар шетелдік университеттерде тағылымдамадан өтіп, психология ғылымын тереңдете зерттеп жүрді. Ағамыз бұл салаға мықты дайындықпен келгенін соңынан алғашқы қазақ психологтарының бірі, ағайдың ұстазы Марат Мұқановтың шәкірттерінің бірі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, біздің жерлесіміз Сағира Рахметовадан естідім. Сондағы апайдың айтқан жылы сөзі: Кеңес Айтжанұлы – қазақ психологиясының дамуына өзінің қомақты үлесін қосқан ғалым.

Енді ағайдың өмір жолына аздап тоқталайық.

Кеңес Айтжанұлы сол кездегі А.С. Пушкин атындағы Орал мемлекеттік педагогикалық институтының (қазіргі М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті) «ағылшын тілі» мамандығы бойынша үздік бітіріп, еңбек жолын 1972 жылы «ағылшын тілі мұғалімі» біліктілігін бойынша Орал қаласындағы №2 мектепте ағылшын тілі мұғалімі болып бастаған.

1973 жылдың ақпан айынан бастап Орал облыстық мұғалімдерді жетілдіру институтының әдістемелік кабинетінің меңгерушісі қызметін атқарған.

1974 жылы А.С. Пушкин атындағы Орал мемлекеттік пединститутының педагогика және психология кафедрасына ауысуына байланысты Абай атындағы Қазақ мемлекеттік пединститутының (қазіргі Абай атындағы Алматы мемлекеттік педагогикалық университеті) пси-

хология кафедрасына стажер-зерттеуші болып оқуға жіберіледі.

Бір жылдық тағылымдамадан соң, Кеңес Айтжанұлы 1975 жылы Абай атындағы ҚазПИ (қазіргі Абай атындағы АМПУ) психология кафедрасы жанындағы «психология» мамандығы бойынша күндізгі аспирантураға оқуға түседі. 1978 жылы күндізгі аспирантураны бітіргеннен кейін А.С. Пушкин атындағы Орал мемлекеттік педагогикалық институтына жұмысқа жіберіліп, өзінің ғылымдағы және ұстаздық еңбек жолын аға оқытушы, доцент, соңынан кафедра меңгеруші қызметімен жалғастырады.

Ғылымды тереңдете зерттеп жүрген дарынды жас 1984 жылы Мәскеу қаласындағы КСРО Ғылым Академиясының психология институтында докторлық диссертацияларды қорғау жөніндегі ғылыми кеңесте кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап, психология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алады. Соңынан КСРО халық білімі жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1991 жылғы 29 қарашадағы шешімімен оған психология бойынша доцент атағы беріледі.

1990-1991 жылдары конкурс бойынша өтіп, халық білімі жөніндегі КСРО мемлекеттік комитетімен мамандар алмасу жөніндегі мемлекетаралық бағдарлама шеңберінде, Қытай Халық Республикасының Бейжің педагогикалық университетінің психология факультетіне тағылымдамаға жіберіледі.

Есімі елімізден тысқары елдерге белгілі болған дарынды ғалымның еңбектерін сол кездегі жетекші психолог ғалымдар мойындап, Кеңес Айтжанұлы қазақ психология ғылымын дамытқан ғалымдар қатарына қосылады. Кеңес Айтжанұлы – КСРО психологтар қоғамының V (Мәскеу қ. 1977 ж.) VI (Мәскеу қ. 1983 ж.), VII (Мәскеу қ. 1989 ж.) Бүкілодақтық съездерінің және көптеген халықаралық, республикалық және аймақтық симпозиумдар мен конференциялардың жұмыстарына белсенді қатысып, басты баяндамалар жасаған ғалым екенін айтқымыз келеді.

К.А. Нұрғалиев қазақ психология ғылымының дамуында үлес қосып, оның мазмұнында өзінің көзқарасын көрсете білген ғалым. Ол, сонымен қатар, этнолингвистикалық, шығармашылық ойлау психологиясы, тұлға психологиясы, басқару психологиясы, практикалық психология т.т. сияқты психология ғылымдарының салаларын зерттеп келеді. Шетелдік компанияларда психология мәселесімен айналысып, еліміздің халықаралық байланысының дамуына да үлесін қосқан ғалым ретінде белгілі.

Кеңес Айтжанұлы Нұрғалиев елімізде, алыс және жақын шетелдерде орыс, қазақ және ағылшын тілдерінде көптеген ғылыми еңбектерін жариялаған ғалым. Елу жылға жуық ұстаздық және ғылыми ізденістер нәтижесінде ғалым ағамыздың есімі қалың жұртшылыққа танымал болғанын мақтан етеміз. «Шәкіртсіз – ұстаз тұл» демекші, бүгінгі таңда оның жетекшілігімен психология бойынша жиырмадан астам магистрлік диссертация дайындалып, көптеген шәкірттері еліміздің жарқын болашағы жолында жемісті еңбек етіп жүр.

Бүгінде Кеңес Айтжанұлы – Халықаралық мәдени-әрекеттік зерттеулер қоғамының мүшесі (the INTERNATIONAL SOCIETY FOR CULTURAL and ACTIVITY RESEARCH - ISCAR).

Ғалым – 2020 жылдан бастап Абай атындағы ҚазҰПУ

Құттықтаймыз!

Ғалым өмірі-тынымсыз ізденіс пен үздіксіз жұмыстан тұрады. Саналы ғұмырын Қазақстан білім және ғылым саласына арнап жүрген ортамызда беделді де, белгілі ғалымдар көп. Бірқатары зейнет жасына жетіп, мерейтой иелері атанып жатыр.

22 желтоқсан күні ректордың жеке қабылдауында т.ғ.д., Химия кафедрасының профессоры **Айталиев Ермек Сатпаевич** пен экономика ғылымдарының докторы, доцент **Гиззатова Алла Ислямовна** болды. Қос ардагер-ұстаздың Мерейлі 70 жасқа толуына орай М.Өтемісов атындағы БҚУ ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев «Құрмет грамотасын» табыстап, ғылыми жобалары жөнінде әңгіме тарқатты. Ермек Сатпаевич жүзден аса ғылыми еңбектердің, техникалық шешімдерге, өнертабыстарға берілген Қазақстан Республикасының және Кеңестер Одағының патенттерінің, авторлық куәліктерінің, алдын – ала патенттердің («Азықтаратқыш», «сауу құрылғысы», «сепаратор барабаны» т.б.) авторы.



Ал, Алла Ислямовна болса, Оның 300-ден астам ғылыми мақалалары жарық көріп, 35 еңбегі ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетімен ұсынылған мерзімдік ғылыми басылымдарда жарияланды. Сондай-ақ, ол студенттерге арналған 15 ғылыми-әдістемелік оқу құралының авторы. Туған күн иелеріне шығармашылық табыстар, зор денсаулық тілейміз!

базасында «Педагогикалық Ғылымдар» республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің белсенді мүшесі.

«Кез келген мықты тұлғаның артында ақылды жары тұрады» деген сөз бар. Кеңес ағамыздың жары – Ағила Мұстақымқызы Нұрғалиева да ғылымға жақын жандардың бірі. Ол – тарих ғылымдарының докторы, профессор, беделді ғалым.

Хақим Абайдың мына бір өлең жолдары Ағила Мұстақымқызының адал жар ретіндегі келбетін дәл ашқандай:

«Толқынын жүрегіңнің хаттай таныр,
Бүлк еткізбес қалайша соқса тамыр.
Жар көңіліне бір жанын пида қылып,
Білместігің бар болса, қылар сабыр».

Ағай екеуі еліміздегі байырғы оқу орны М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ұстаздық қызмет атқарып келе жатқанына бірқатар жылдардың жүзі өтті. Бір-бірімен ойы да, мақсаты да жарасқан, ғылым сүйген осы бір жандар тәуелсіз еліміздің басты тірегі екенін айтқымыз келеді. Қазіргі уақытта М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті педагогика және психология кафедрасының доценті Кеңес Айтжанұлы Нұрғалиев – аяулы әке, тәлім берер ата.

Бүгінде жетпістің асуына шығып отырған ғалым ұстазымызға Алламыз амандығын, отбасына берекесін берсін, ғылымда мол жетістікке жете берсін дегіміз келеді.

*Шәкірті: филология ғылымдарының докторы
Ғабит ХАСАНОВ*



Тұғырлы тәуелсіздіктің 30жылдығы Ұлы дала ұрпақтарының мерейлі мерекесі! Бабаларымыз аңсаған арманы ақиқатқа айналып, бүгінгі таңда бейбіт елімізде “қой үстінде бозторғай жұмыртқалайтын” кезеңге де жеттік! Білім мен ғылым саласында ұрпақ мүддесі үшін аянбай қызмет атқарып, бар күш жігерін салып жүргендер аз емес! ҚР тәуелсіздігінің 30жылдығы қарсаңында ел игілігі мен білім жолында қалтқысыз қызмет атқарған М.Өтемісов атындағы БҚУ профессор-оқытушылары мен қызметкерлері мәртебелі марапаттарға ие болды.

Тұғырлы биік тәуелсіздік

М.Өтемісов атындағы БҚУ профессоры, аяулы ақын апамыз Ақұштап Бақтыгереева Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолынан “Отан” орденін алды. Ал өңірімізге келген Мәжіліс

төрағасы Нұрлан Нығматулин университетте сан жылдар қызмет атқарып келе жатқан, ҚР еңбек сіңірген өртісі Жұмағаным Рахимованың кеудесіне “Құрмет” орденін тақты. Ал, ұлық мереке қарсаңындағы “ҚР тәуелсіздігіне 30жыл” медалімен университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлы Серғалиев пен география ғылымдарының кандидаты, доцент Амелыченко Валентин Иванович марапатталды.

Сонымен қатар, өңіріміздің гүлденуі мен білімді ұрпақ тәрбиелеу жолында еңбек етіп келе жатқан 16 оқытушы мен қызметкерге облыс әкімі Ғали Есқалиевтің атынан алғыс хаттар мен құрмет грамоталары табысталды.

Өр факультеттер мен бөлімдердегі қызметкерлердің ішінен елеулі еңбек атқарушыларды университет ректоры да марапатқа бөледі. Ардагер ұстаздарға құттықтау хаттарын жолдады.

Төл мерекеміз құтты, тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!



ОҚУҒА ҚҰШТАР - УНИВЕРСИТЕТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық сенім кеңесінің кезекті отырысында сөйлеген сөзінде жас ұрпақты тәрбиелеуде кітаптың алатын рөлінің маңыздылығын ерекшелей отырып: «Кітапханалар кітап оқуға деген қызығушылықтың басты бағыты, кітаптардың қызықты әлеміне басшылық етуі керек. Адамның ойлауын дамыту қазіргі әлемде кітапсыз, кітапханасыз мүмкін емес» деп атап өтті. Осы орайда университет қабырғасында студенттердің зияткерлік қабілетін жетілдіріп, оқу сауаттылығын дамыту мақсатында көркем әдебиеттер қоры жергілікті түрде отандық және әлемдік авторлардың шығармаларымен толықтырылып, кітап оқуға қызығушылықты ояту мақсатында әр түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Көркем әдебиет абонементінің қоры сатып алынған ғана емес, сондай-ақ оқырмандар сыйға тартқан кітаптармен толықтырылып отырады. Мысалы, кітапхананың дәл осы бөліміне биыл тоқсаннан астам мотивациялық, психологиялық және көркем шығармалар сыйға тартылды. Университеттің кітапхана ұжымы Қазақ университеті баспа үйінің ұйымдастыруымен Ыбырай Алтынсариннің туылғанына 180 жыл толуына орай өткен «Ұлы ұстаз» атты онлайн байқауда жүлделі II орынды иеленіп, ұлтымыздың ірі тұлғалары жөнінде жазылған «Жеті көсем» кітабын сыйға алды.

Кітап оқу қызығушылығын арттыру, студенттер бойында зияткерлік мәдениетті қалыптастыру мақсатында университеттегі Ғылыми кітапхана жыл сайын «Жыл оқырманы» байқауын өткізуді дәстүрге айналдырды. Жыл соңында іс-шараларды саралай келе, Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Жыл оқырманы-2021» арнайы марапаттау рәсімі өтті. «Жыл оқырманы-2021» байқауының «Ең белсенді оқырман» номинациясын физика–математика мамандығының III курс студенті Арынғазы Елтаев, «Ізденімпаз оқырман» номинациясын педагогика және психология мамандығының IV курс студенті Эльмира Сарсенғалиева, «Жыл оқырманы-2021» номинациясын қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының IV курс студенті Есенғалиев Ерұлан жеңіп алды.

«Ең белсенді оқырман» номинациясын иеленген Арынғазы Елтаев кітапхананың тұрақты оқырманы. Зерттеу негізінде «Сырлы өлеңнің сұлтаны» атты Қасым Аманжоловтың туғанына 110 жыл толуына орай өткен поэзия кешінде және көпшілік шараларда белсенділік танытып, әрдайым оқырмандарды кітап оқуға шақырып, кітапханаға 120 рет келіп, кітап оқығаны анықталды. «Ізденімпаз оқырман» номинациясын жеңіп алған Эльмира Сарсенғалиева кітапхананың тұрақты оқырманы. 1-4 курс аралығында өткізілген шараларға белсенді қатысушы. Атап айтсақ, Ескендір Хасанғалиевтің 80 жасқа толуына орай «Ән еркесі - Ескендір» атты әдеби-сазды кешінде жүргізушісі болса, Байжан Айдынғалиұлының 70 жасқа толу мерейтойына орай өткен «Парасат биігіндегі ұстаз» атты кездесу кешінде мәнерлеп оқу бойынша белсенділігін көрсетті. «Қазақстан болашағы жастар» атты іс-шарада көркем сөз шеберлігімен танылды. 2019 жылы «Елбасы



қолдауы - жастарды қолдауы», «Алғыс айту - парызым» шараларына қатысып белсенділік танытты. Кітапханаға 140 рет келіп, 180 кітап алған. Ал «Жыл оқырманы-2021» жүлдегері Ерұлан Есенғалиев зерттеу нәтижесі бойынша, университетке қадам басқаннан бастап 2018 жыл 25 қыркүйек күнінен көркем әдебиеттер абонементіне тіркеліп, кітапханамен жиі қарым-қатынаста болып, қазақ жазушыларының және әлем классиктерінің аудармаларын қазақ тілінде зерделеп, сонымен бірге ғылыми кітапханада өткен іс-шараларға қатысып, белсенділік танытып, өз ойларымен бөлісіп отырды. Көркем әдебиет абонементіне 2018 жылы - 25 рет, 2019 жылы - 59 рет, 2020 жылы - 36 рет, 2021 - 40 рет, барлығы 160 рет келіп, өзіне ұнаған кітаптарын алып оқыды. Осы жылдар аралығында оқыған кітаптарының саны - 175, №1 оқу залында оқу бағдарламасы бойынша оқулықтар, сөздіктер алып үнемі дайындалды. Оқу залына осы аралықта 150 рет келген. Қорытынды зерттеу нәтижесінде Ерұлан Есенғалиев университетіміздің жыл оқырманы атанды.

Сөз соңында, кітапханада өткізілген шаралар бойынша студенттердің ойларымен бөлісуді жөн көрдік.

Елтаев Арынғазы: «Мен Физика-математика факультетінің физика-информатика мамандығының III курс студентімін. Көбісі ойлайды, физика-математика факультетінде сөзге шорқақ, тіл байлығы нашар студенттер оқиды деп. Бірақ біздің де факультетте тіл байлығы жақсы, сөз саптауы керемет жандар көп. Тіпті дебат ойындарында озық болып жүрген студенттеріміз

жетерлік. Жалпы, өз басым шығыс мәдениеті, өркениеті туралы кітаптарды оқығанды ұнатамын. Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен 100 кітап акциясының арқасында әлемнің ең мықты кітаптары қазақ тіліне аударылды. Міне соның арқасында «Жасампаз жандардың жеті дағдысы» сынды пайдалы кітаптар қолымызға тиді».

Сансызбайқызы Эльмира: «Мен Педагогика және психология мамандығының IV курс студентімін. Ғылыми кітапхана ұжымына үлкен алғысымды білдіремін. Осындай шараларды ұйымдастыра отыра, оқырмандардың көп кітап оқуына үлес қосып, ынталандырған алғыс пен марапаттауларыңызға үлкен рақмет. Кітапхана ұжымында жұмыс жасау сырттан қараған адамға оңай көрінгенімен, тынымсыз еңбек пен біліктілікті талап етеді. Тек біліммен ғана емес, педагог болу үшін педагогикалық шеберлік пен ұйымдастырушылық секілді қабілеттерді де бойымызға сіңіруге кітап пен кітапхананың көмегі көп тиді».

Нұрғалиева Айгерім: «Мен Шет тілі: екі шет тілі (жеделдетілген) мамандығының жеделдетілген тобындағы I курс студентімін. «Жыл оқырманы-2021» шарасын ұйымдастырған БҚУ кітапхана ұжымына алғыс білдіремін. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар суырылып шыққан үздік оқырман студенттерді құттықтаймын! Абай атамыз өз қара сөзінде «Адам адамнан киімі, байлығы арқылы озбайды, адам адамнан білімі арқылы озады. Қалған жағдайда оздым деуі - бос өурешілік» деп келешек ұрпақты кітап оқуға, кітаптың мол тағылымын сіңіруге үндейді. 21 ғасыр - жаһандану заманы. Бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заманда кітап оқып, білім нәрімен сусындар, ойы озық ұрпақтан болайық!».

Ниятқалиева Аяғөз: «Педагогика және психология мамандығы IV курс студентімін. Бүгін «Жыл оқырманы» атты айтулы іс-шара өтуде. Кітап сүйер қауымның еңбегін елеп, осындай кеш ұйымдастырған барша жандарға ерекше алғысымды білдіремін. Ақпараттық құралдарға деген қызығушылық, тәуелділік артып, алдыңғы ұрпақ арасында жастар кітап оқымайды деген теріс пікір қалыптасқан заманда осыншама кітап сүйер, озық ойлы жастарымыздың топ жарып, марапат алғанын көріп өте қатты қуанып отырмын. Кітапқа деген сүйіспеншілігіміз, махабатымыз арта берсін. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып білуге» деп ұлы тұлға Абай атамыз айтпақшы, баршаңызды кітап оқуға, тіл жанашыры болуға, білім нәрімен сусындауға шақырамын».

Тасбулатов Айдос: «Мен режиссура мамандығының IV курс студентімін. Ең әуелі кітапханадағы апайға алғысымды білдіремін. Осылай елеп-ескеріп құрмет танытқаны үшін. Менің кітапқа деген қызығушылығым мектеп кезінен басталды. Ең алғаш анамның ықпалымен «Махаббат, қызық мол жылдар» кітабымен таныстым. Содан бері осы кезге дейін арасын суытпай кітап оқып тұрамын. Кітапханаға жиі келіп тұруға кеңес беремін».

Тоты АЛИМБЕКЕРОВА,
Ғылыми кітапхана директоры,
ҚР БЖҒМ Білім беру ісінің құрметті қызметкері



ПЕДАГОГИКА факультеті

Жыр алыбы - Жамбыл

Ғылыми кітапхана ұжымы мен Педагогика және психология кафедрасының ұйымдастыруымен қазақтың қара өлеңін кие тұтқан, жүрегінің түбінен қайнап шыққан асыл жырларымен қалың жұртшылықтың махаббатына бөленген Ұлы ақын, жырау, жыршы Жамбыл Жабаев атамыздың 175 жылдығына орай «Жыл алыбы - Жамбыл» атты мерекелік шара өткізілді.



Мерекелік шараның алғы сөзі Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі Құлдашева Надежда Утегалиевна мен Педагогика факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тапаева Жанерке Таулбаевнаға берілді.

Шарада Мәдениет және өнер факультетінің «Дәстүрлі өнер халық аспаптары» мамандығының 1-ші курс студенттері Базарбаева Ақниет, Курманкулова Салтанат күмбірлетіп күй шертіп, «Ленинградтық өренім!» өлеңін 2-курс студенті Шандаев Темирхан өз нақышына келтіре рөлге кіріп оқыса, жыршының әр тақырыптағы өлеңдерін «Өлеуметік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы-

ның 1-курс студенттері Денисова Маргарита, Серікова Нурайым, Әуесбаева Гаухар және 2-курс студенттері Жанабаева Жансая, Тілекова Салтанат оқыды, өзінің мың бұралған биімен кеш көркін қазақтың ұлттық биімен Бигалиева Раушангүл одан әрі шырайын кіргізді.

Кеш соңы Педагогика факультетінің кітапханашысы Гүлшира Шаденовнаға, ұйымдастырушы Педагогика және психология кафедрасының оқытушылары Жанерке Бауыржанқызы мен Әйгерім Самиғоллақызына қорытынды сөз берілді.

Ә.С.БАЛАХМЕТ,

Педагогика және психология кафедра оқытушысы, магистр

Халық бостандығы мен дербес даму

М.Өтемісов атындағы БҚУ, педагогика факультеті ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік бесігінде тербеле бер, туған ел!» атты шара өтті. Мақсаты: Студенттердің бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында әңгімелеу. Туған жерін, елін сүйуге тәрбиелеу.

Шара ПИМНО-35 тобының студенттерінің Тәуелсіздік жолында өздерін құрбан еткен жанашыр аға-әпкелеріміздің жан кешті оқиғаларын көрініс арқылы көрсетумен басталды. Одан кейін факультетіміздің белсенді студенті Утепов Мұқағалидің орындауындағы «Туған жер» өні орындалды.

Тәуелсіздік-халқымыздың бостандығы мен дербес даму жолындағы сан ғасырлық күрес тарихының нәтижесі екендігін Елбасы атап өткендей, тәуелсіздік бабалар арманынан туындаған, бүгінгі ұрпақ қолжеткізген ұлы жеңіс. Сол жеңістің жолында қаза болып, бізге Тәуелсіздік сыйлаған аға-әпкелерімізге алғысымыз шексіз!

Гүлсезім СЕРІКБАЕВА,
ПИМНО-21 тобының студенті

«АИТВ және алдын-алу»

2021 жылдың 29 қараша күні Батыс Қазақстан облыстық ЖИТС-тың алдын-алу және күресу жөніндегі ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталығының мамандарымен бірлесе оқытушылар А.Капанов, Ж.Ж.Нәбиева Педагогика факультетінің студенттеріне АИТВ/ЖИТС-ің алдын алу шаралары аясында семинар ұйымдастырды.

Семинар барысында АИТВ/ЖИТС инфекциясының республикадағы, облыстағы, аудандағы індеттік ахуал барысы, сақтану, алдын алу шаралары түсіндірілді. Шарада облыстық ЖИТС-ті алдын алу орталығының меңгерушісі Ашиғалиева Алтынай Есболовна мен маман Куанышева Гүлнұр Бакытжанқызы АИТВ – инфекциясының жұғу жолдары, венерологиялық аурулар болған кезде АИТВ-ның берілу қаупі, жұқтырмаудың жолдарына тоқталып өтті. Студенттерге сұрақтар қойылып, АИТВ-ға тестілеу кімдерге өтуге талап етілетіндігі және жұғу қаупі болған жағдайда ананомдік жедел – әдістер арқылы тексеруге болатындығын айтты. Денсаулықтың қадірін білу өте маңызды. Өсіп келе жатқан жас ұрпақтың бойына тазалық пен сергектікті орнықтыру – заман талабы. Шара соңында студенттерді салауатты өмір салтын ұстануға, зиянды әдеттерден аулақ болуға шақырып, деннің саулығы тәннің көркем болуында екендігін ұғынды.

Ж.Ж.НӘБИЕВА,

Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушысы

«Тарихқа тұнған Орал шаһарына» саяхат

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты Педагогика факультетінің Педагогика және психология, Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру, Дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының 1-курс студенттеріне мәдени-тарихи экскурсия өткізілді.

Экскурсия мақсаты Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалаларындағы көзделген мақсаттарына сәйкес қаланың көне мәдени-тарихи ғимараттарымен таныстыру, Орал қаласының көрнекті жерлеріне саяхат жасау.

Экскурсияға 100-ге жуық 1-курс студенттері мен Педагогика және психология, Дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасының оқытушылары, кураторлар Жаксылыков Ергазы Хайроллаевич, Отаров Орынғали Мергенұлы, Балахмет Әйгерім Самиғоллақызы, Батырбаева Жанерке Бауыржанқызы қатысты.

Экскурсия маршруты М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің бас ғимаратынан, басқа да факультеттерді таныстырумен басталып, Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар мен жасөспірімдер кітапханасында, кейін А.С.Пушкин атындағы мұражай үйінде, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайында болып мұражай қызметкерлері мұражаймен, Орал қаласының тарихымен байланыстыра отыра құнды ақпараттар берді.

Ж.Б.БАТЫРБАЕВА,

Педагогика және психология кафедра оқытушысы

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Серікбаева Гүлсезім

День Первого Президента Республики Казахстан

Цель мероприятия:

-расширить знания студентов о лидере казахского народа, первом президенте РК Н.А. Назарбаеве;

-дать представление о деятельности Президента РК – Назарбаева Н.А.;

-сформировать казахстанский патриотизм, миролюбие, национальное согласие, активную гражданскую позицию;

-воспитывать чувство патриотизма, гордости за свою независимую страну.

Мероприятие началось с деления на группы и просмотра видеоролика о том, какой путь прошел наш Лидер Нации и то, как становилась на ноги наша суверенная страна. После чего выступили студенты, прочитав стихотворения на трех языках про Первого Президента. И данный момент продолжили работой в группе, где первая группа знакомилась с семьей и юностью Президента, а вторая группа знакомилась с трудовой и Президентской деятельностью. Каждая группа подошла к этому заданию с креативным мышлением, составили отличный коллаж. Интеллектуальная игра стала самым интересным моментом, когда дух соперничества настиг каждую группу. Все участники мероприятия по завершению заполнили свои отзывы и пожелали друг другу пожелания в преддверии праздника Елбасы.



Во время мероприятия в аудитории царил атмосфера сотрудничества, взаимопомощи, студенты свободно, раскованно могли высказывать свои мысли и предположения в работе групп. Считаю, что мероприятие несёт большое познавательное, воспитывающее и развивающее значение, цель мероприятия достигнута. Студенты станут с уважением относиться к своему Лидеру Нации, Родине, будут стараться следить за происходящими событиями в своей стране, конечно же, каждый внесет частичку своей души в становлении толерантного мира.

Мероприятие провели магистранты 2 курса образовательной программы «Педагогика и методика начального обучения», куратор ПИМНО-32, ДОВ-42 Панищева О.А.

ШӘКӘРІМ ӨСИЕТІ — АДАЛДЫҚ АЙНАСЫ

2021 жылдың 26 қараша күні педагогика факультеті, мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушылары Мухиева Г.С., Нәбиева Ж.Ж., Арыстанғалиева В.Т. ұйымдастыруымен «Адалдық сағаты» республикалық акциясы аясында тәрбиелік іс-шара өткізілді. Тәрбиелік іс-шараны өткізудегі мақсат: сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, студенттік ортада және қоғамда адамзаттық құндылықтар ретінде адалдық, әдептілік, әділдік, сенімділікті арттыру, өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту. Өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту.

Шара басында «сыбайлас жемқорлық» түсінігіне анықтама беріліп, студенттер өз ойларымен бөлісті. Сонымен бірге, «Шәкәрім өсиеті – адалдық айнасы» тақырыбында көрсетілген бейнеролик арқылы жастар ақынның адами құндылықтар туралы философиялық ойларымен танысты. Ақын жастарға білімдіден ғибрат алуға, ақылмен ойлап, іс қылуға, «құлқынның құлы болмай», «адамдық борыш-ар үшін қызмет ет», - деген өсиет қалдырған. Студенттер Ұлы Шәкәрім философиясын қызығушылықпен талқылап, өткен ғасырда жазылған сөздер қазіргі қоғамда маңыздылығын жоғалтпағандығы туралы ойларын жеткізді.

Шарада викториналық сұрақтар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көріністер қойылып, бейнероликтер көрсетілді. Шараға ДОВ-41, ДОВ-31, ДОВ-33, ПИМНО-35 топтары белсенді қатысты. Тәрбиелік шара студент бойында ар, борыш сынды қасиеттерді жоғары бағалауға шақырып, адал еңбек етуге ой салып, асыл қасиеттердің бірлікте болуына тәрбиеледі.

Г.С. МУХИЕВА, Ж.Ж.НӘБИЕВА,
В.Т.АРЫСТАНГАЛИЕВА, Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушылары,
ДОВ-41 тобы



ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ факультеті

Тәуелсіздік біздің ең қастерлі құндылығымыз

Тәуелсіздік бұл мүмкіндік пен еркіндік, сөз бостандығы мен ұлттық құндылықтардың өркендеуі. Ал, егемендік еліңнің өз шекарасы болуы. Бейбітшілік болса, құстардың қанат жайып аспан астында самғап қалғуы. Осындай мемлекеттердің бірі ол - Қазақстан! Евразияның жүрегінде орналасқан кеңбайтақ ел.

Осы кеңбайтақ жер үшін, тәуелсіздік үшін ата-бабамыз сан жылдар бойы күрескен. Жүздеген жылдар бойы бейбітшілік пен зайырлы халық болуды аңсап кеткен олар, біраз қиын кезеңді бастан кешірді. Алпауыи державлармен күресіп, қиын заманда тарихқа аты сіңген ұлы тұлғаларды әкелді. Олар қазақ тілін, мәдениеті мен салт дәстүрін сақтап қалуға өлім мен өмір арасында жүрді. Себебі тіл мен мәдениет, кеңбайтақ жер ұлтымыздың тірегі. Олардың арқасында қазірде 30 жыл бойы тіуелсіз мемлекетте қайғы қасіретсіз өмір сүріп келеміз. Бұл ата-бабалардың үлкен жетістігі мен болашақ ұрпаққа мәнгі мұра.

1991-1995 жылдар аралығында Қазақстанның мемлекеттік рәміздері бекітіліп, ата заңы қабылданды. Төл теңгеміз басып шғарылды. Бұл тәуелсіз мемлекеттің бірінші қадамы мен белгісі.

Тәуелсіздікті жариялаған соң, алғашқы рет 1999 жылы санақ өткізілді. Оған сәйкес Республикада 14

миллионнан астам адам тұрған болса, бұдан он жыл бұрын бүкілодақтық санақ кезінде 16 миллионнан аса халық тіркелген. Шетелден қандас бауырларымыз тарихи Отандарына қайта оралды. Биыл тәуелсіздікті алғалы бері үшінші санақ өтті. Қазақстан халық саны 19 миллионнан асты.

Еліміздің жаңа басталған жолында Қазақтың ұлдары ғарышқа ұшты. Соғыс жылдары сынақ өткізілген Семей ядролық полигоны жабылды. Сонымен қоса, ядролық қруға қарсы елдердің алдыңғы қатары болып келеміз.

Тәуелсіздігіміздің 30 жыл жолында қиыншылықтар мен жетістіктер қатар жүрді. Бірақ жетістігіміз басымырақ болып келді. Бұл тәуелсіздіктің жолында құрбан болған ата-бабамыз бен орта буын мен жас буынның арқасы. Тәуелсіздік болмаса дін мен тілдің, мәдениетіміздің бар қадір-қасиеті жоғалар еді. Бұл қымбат мураны бағалау қажет. Ертеңгі елдің ғұмыры біздің қолымызда!

ОН ЖЕТІНШІ ҚАРА СӨЗ

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жолда жоқ жарым есті «жақсы» демек.
Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ, біреуінсіз,
Ғылым - сол үшеуінің жөнін білмек - деп Абай атымыз айтқан. Абай қазақ халқының ұлы ақыны, жазба

қазақ әдебиетінің негізін қалаушы. Абай ақындық шығармаларында қазақ халқының әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелерін арқау еткен. Ақынның қай шығармасы болса да, келешек жас ұрпаққа үлкен тәрбие бере алады. Абайдың осындай көркем қара сөзге толы, ұлттық тәрбиенің бастауы, нақыл сөздің бір түрі, даналыққа толы маржан сөздері бар, дүниенің құпия сыры терең таразыланған ойлар мен пікірлер жазылған. Бұл ақынның ең үлкен шығармасы. Ақынның нақыл сөздерге, даналыққа толы, жамандық пен жақсылық, өмір мен өлім, бай мен кедейдің, өмірге және қоғамға қажетті сан алуан мәселелерді қозғаған әлемге әйгілі атақты шығармаларының бірі - Қара сөздері. Ақынның әр қара сөзі, әр бір жолы өмір сүре білуге ынтаны ашатындай. Ақын адам бойындағы асыл қасиеттерге өте қатты көңіл бөлген. Осындай қара сөздерінің бірі 1893 жылы кітап бетіне түскен қара сөзі «Он жетінші қара сөзі» болып табылады. Он жетінші қарасөз Ғылым, Ақыл, Қайрат, Жүректің диалогінен тұрады. Абайдың бұл қарасөзі оның ғылым, ақыл, жүрек туралы өлеңдерімен мағыналас болып келеді. «Өуелде бір суық мұз, ақыл зерек» атты өлеңі мен он жетінші қарасөздің мазмұны бір. Ақын өлеңде айтқан пікірін қара сөзде дамытып, аша түседі. Бұл Абайдың өз идеясына беріктігін, қандай проблеманы көтерсе де, мәселені жүйелі түрде қарастырып, оны оқырманының ой-санасына жеткізуді мақсат ететіндігін, алған бағытынан ауытқымайтынын дәлелдейді. Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әрқайсысы өзін бірінші орынға қойып таласады да, ғылымға төрелікке жүгінеді. Ғылым үшеуінің де жақсылы, жамандық қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынайды. «...Осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет», - деп үкім шығарады. «Егер үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтаймын», - дейді оларға ғылым. Демек Абай жүректі, яғни адамның адамды сүюін, адам үшін қызмет етуді бірінші орынға қояды. Бірақ ғылым бойынша да, Абайша да ең идеал нәрсе – осы үшеуінің бірлігі. «Осы үшеуі (ақыл, қайрат, жүрек) бір кісиде менің айтқанымдай табылса, табанының топырағын көзге сүртерлік қасиетті адам сол», - дейді Абай.

Иә, мен Абай атамыздың бұл ойына келісемін. Адам бойындағы асыл қасиеттер осы үшеуі болмақ. Осы үшеуі бір адамда болса, ол адам Абай айтқан-Толық адам деп ойлаймын. Әрине адам баласы бұл қасиеттердің біреуімен өмір сүре алады. Бірақ толық емес. Адам бойында меніңше ақылда, қайратта, жүректе болуы керек. Бұл үш қасиет бір-біріңсіз кемшіліксіз керемет өмір сүре алмайды.

Карина КАРИМОВА,
устр-21 тобының студенті

Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ

Сыбайлас жемқорлық-елдің экономикасы мен әлеуметтік экономикасына теріс әсер тигізетін факторлардың бірі. Елдің дағдарысқа ұшырауына себепші. Ол қоғам мен саяси қайраткерлердің арасында жүретін сатылғыштығы, парақорлығы. Адамның теңдік құқығын айыратын, билік пен қызметтік өкілеттігін асыра пайдалану.

Жемқорлық - ата заманнан келе жатыр,-десем артық болмас. Пара беріп аға сұлтан ,болыс болған, әділетсіз парақор билер тарихта қаншама?! Бұл әлі күнге шейін қоғамда, мемлекетімізде жалғасып келе жатқан үлкен мәселе.

Мысалға, дәрігерлік оқуға таныс арқылы түсетін студентті алсақ. Ол оқуға өзеңбегімен түсіп тұрған оқушылардың жолын кесіп, жұмысқа да парақор қызметкер арқылы орналасады. Содан, өзінің білімсіздігінен қаншама адам өміріне зиян келтіреді?! Мұндай жағдайлар өте көп. Осыдан соң, мемлекетіміз көз бояушылыққа толы. Жастардың болашаққа деген көзқарасы өзгерді.

Жемқорлықтың алдын алу үшін ең алдымен заң өкілдеріне деген талап қатал болу керек деп ойлаймын. Балаға кішкентайынан жемқор, оның жаман қасиет екенін

бойына сіңіріп өсіру керек.

Бір сәт жемқорлықсыз өмірге үңілсек: Сапалы білім алған білікті маман сол маманға мұқтаж жерге жұмысқа орналасып, еліне адал қызмет көрсетуде, қажетті нәрсесіне еш қиындықсыз қол жеткізіп, сапалы үй алып, медициналық көмек қабылдап, өз елінде емін-еркін жүріп, өз ойын ашық айтатын халықты, жастарды көреміз. Қала іші мен ауылдарға қатынайтын жолдар тегіс асфальт төселген. Бәрі қолжетімді.

Егер де билік өкілдері парадаң бас тартып, елге адал қызмет етсе, біз дамыған елдер қатарына тезірек қосылар едік. Сыбайлас жемқорлық-елдің көркеюіне кедергі болатын басты себеп. Жастар одан бас тартады!

Ляззат БЕРДИГАЛИЕВА,
Т-11 тобының студенті

«Елдіктің жеті тұғыры»



Жеті тұғырды негізге ала отырып, студенттерге қазіргі қоғамға қажетті бәсекелестікке қабілеттілік, жаңашылдыққа ұмтылыс және прагматизмнің қажет екендігін ұғындыру өткізілген шараның басты мақсаты болып табылады.

Түсіндіру жұмыстары барысында жеті тұғырдың негізгі бөлімдерінің бірі Еңбек пен білімге баса назар аударылды. Өйткені Елбасымыз айтқандай, болашақ

7 желтоқсанында тарих, экономика және құқық факультетінің оқытушысы экономика ғылымдарының кандидаты, доцент Г.Н.Сүлейменова, ҚР Президенті атындағы шәкіртақы иегері Ж.Н.Қабекен және менеджмент мамандығының 4-курс студенті Г.Қ.Ғазизова 3-ші жатақхана студенттеріне Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Елдіктің жеті тұғыры» атты үндеуін түсіндіру жұмысын жүргізді.

жастардың қолында. Елдің тұтқасын ұстар тұлға болу үшін бүгінгі жас ұрпақ білімге деген ізденісі жоғары, еңбекқор болуы маңызды шарт болатынын сөз етті.

Қорытындылай келе, студенттер өз ойларымен бөлісіп, Елбасының жолдаған үндеуі бүгінгі жастардың болашағына артқан мол сенімі екенін айтты.

Жұпархан ҚАБЕКЕН,
Т-31 тобының студенті,
ҚР Президенті атындағы шәкіртақы иегері

Оң қолың бергенді, сол қолың білмесін!

9 желтоқсан күні Тарих, экономика және құқық факультетінің еріктілері «Детская деревня» балалар ауылына барып, өздерінің кішігірім көмек қолын созу мақсатында киім-кешектер берді.

Қайырымдылық – ізгіліктің көрінісі. Ол көмекті қажет етушілерге білдірілетін сүйіспеншілік пен қол ұшын беру болып табылады. Қайырымдылық жасау үшін асып-тасып бай болу керек емес. Ең бастысы мейірімді жүрегің мен таза ниетің болса жеткілікті. Кез келген қиын жағдайда адам баласы әр түрлі бағытта көмек қолын соза алады. Біреулер жаны жабырқау жүргендерді жұбата отырып күлкі сыйласа, екіншілері қиын сәтте қол ұшын беріп, көмек жасайды.

Липнау Кристина,
Мо-22 тобының студенті, Еріктілер тобының жетекшісі



Есепке жүйрік = бухгалтер!

Желтоқсанның 6-жұлдызында факультетімізде қаржы және есеп кафедрасының аға оқытушысы, экономика магистрі Жангалиева Рая Уалиевнаның ұйымдастыруымен “Бухгалтер-2021” атты интеллектуалды ойын ұйымдастырылды. Ойын барысында бухгалтерлік есеп туралы сұрақтар ғана емес қызықты логикалық, маркетингтік, тарихи сұрақтар да қойылды.

Студенттер 6 студенттен тұратын 4 командаға бөлінді. Интеллектуалды ойында топтар өздерін таныстырып 7 турдан өтті. Ойынның ең басты тапсырмасы әр топ шартты кәсіпорын ойлап тауып, өнімнің өзіндік құнын есептеп, оны жарнамалап, нарықта сату болып табылды. Әр дұрыс жауапқа студенттерге сыйлықтар таратылып тұрды. Бас жүлдені “Magic market” тобы қанжығаларына байлады.

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Каримова Карина



ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА факультеті

Тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. Осыдан 30 жыл бұрын егемендігімізді жариялап, тәуелсіздікке қол жеткіздік. Әрине, бұл да оңайға соқпады. Отыз жыл ішінде Қазақстан шекарасын бекітіп, өз алдына жеке зайырлы ел болып қалыптасты. Тәуелсіздік- ата-бабамыздан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. Желтоқсан ызғарына қарсы тұрған жастардың рухы мен ерліктерінің арқасында мемлекет болып қалыптастық.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!



Осы орайда желтоқсан айының 8-і күні Хамза Есенжанов атындағы балалар және жасөспірімдер кітапханасына М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінен Физика-математика факультетінің 2 курс студенттері шақырту алды. Кітапхана тарихымен, соңғы кезде көп оқылатын қызықты кітаптармен, бай кітап қорын қолдану шарттарымен, негізгі залдарымен танысудан бастау алған кездесуде бұл мекеме оқырмандарды түрлі бағытта білімнің қайнар көзімен қамтамасыз етумен ғана шектелмейтінін, сонымен қатар түрлі танымдық кездесулер мен бисер тоқу, киіз басу, ши тоқу сияқты қызықты үйірмелердің жүргізілетіні белгілі болды. Студенттердің аса қызығушылығын туғызған АҚШ елшілігінің қолдауымен он бес жылдан Екі бөлімнен тұратын шарада алдымен халқымыздың тарихы мен талай тар жол тайғақ кешуден өткенін, желтоқсан көтерілісі туралы естеліктерін бейнебаяндармен өрнектеп

жаңғыртты. Кейін егемендігіміздің отыз жыл ішіндегі жеткен жетістігі мен даму жолына көз жүгіртіп, кеудені мақтаныш сезімі көрнеді. Құрманғазы саз колледжінің студенттері құлақ құрышын қандырып домбырамен керемет күй орындады. Университет студенттері “Мен қазақың” патриоттық әнімен шараның нүктесін қойды. Шараны ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз!

Кітапхана қабырғасында әлемдік қатынас құралына айналған ағылшын тілін дамыту мақсатында ынталы жастарға тегін қолдау көрсетіп, әдістемелік құралдарды оқырманға ұсынып келе жатқан Америка бұрышы болды. Экскурсия кітапхана ұжымы мен Құрманғазы атындағы саз колледжі студенттері бірігіп ұйымдастарған Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған шараға ұласты.

Аңсағаным НЫҒМЕТОЛЛИНА,
Физика-Математика факультетінің ФИ-21 тобы студенті

«А.Таймановтың» құрметіне арналған танымдық кеш

2021 жылдың 10 желтоқсанында физика-математика факультетінде «Асан Дабысұлы Тайманов» атындағы шәкіртақы иегері А.Ж.Орынғали «Асан Дабысұлы Тайманов» өмір жолына арналған танымдық кеш өткізді.

Кешімізге оқытушы, магистр Гульнур Акбергеновна мен физика-математика факультетінің декан орынбасары Арайгүл Серікқызы қатысты. Сонымен қатар факультеттің 1,2 курс студенттерінде қатысқан болатын. Танымдық кештің басты мақсаты: жастардың бойында өз еліне, ұлтына деген патриоттық сезімді және ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында А.Д.Тайманов жайлы ақпарат беріп, өмір мен еңбек жолын таныстыру. Шара барысында А.Д.Таймановқа құрметпен бас ие



отырып, бір сәт үнсіздікпен еске алды. Ары қарай баяндама оқылып, видеороликтер тер көрсетілді. Одан әрі кеш қонақтары мен студенттер пікір алмасты. Шара соңында кеш қонақтары қатысушы студенттерге алғысын білдірді.

Аружан ОРЫНҒАЛИ,
Физика-Математика факультетінің белсендісі,
И-31 тобы студенті

«Жас ғалымдар»

Ғылыми жобаны дайындау және қорғау студенттердің зерттеу жұмысы нәтижесінің ғылыми кеңесшінің жетекшілігімен қорытындылануы және оқу-шығармашылық қызметінің соңғы кезеңі болып табылатыны бәрімізге белгілі. Физика-математика факультетінде 25- қараша күні математика, информатика, физика кафедраларында студенттер ғылыми жобаларын қорғаған болатын. Ғылыми жобалар байқауының мақсаты - студенттердің зерттеушілік, ғылыми ойлау қабілеттерін дамыту, инновациялық әдістері мен шығармашылық әлеуетін қалыптастыру, олардың ізденістерін арттыру, ғылымға баулу, ғылымға деген құштарлықтарын ояту.

Жобаға көптеген студенттеріміз қатысып, I, II, III-дәрежелі орындарға ие болды. Жүлдегер студенттер республикалық деңгейде жоба қорғауға жолдамалар алды. Енді олар жобаларын одан ары толықтырып, дамытып, тағы да ізденіп жобаларын қорғайды деген үміттеміз. Жоба ізденіп, зерттеп, авторлық жеке жұмыс жасау кез-келген студенттің қолынан келе бермейтін іс. Сондықтан ол үлкен жауапкершілікті талап етеді. Сондай батыл қадамға барып, сабақпен қатар алып, барлық іс-шараға қатысып, жауапкершілікті мойындарына алған студенттерімізге алғысымыз шексіз. Осындай университет ішінде шағын жобалардан бастау алып, кейін осы бағыттарынынан талмай, өздерін дамыта жүріп, елімізге пайдасын тигізер ғалымдар болуы әбден мүмкін.

Гүлжауар УТЕПБЕРГЕНОВА

«АРТАНДАП, МАҚСАТ ҚОЯ БІЛСЕҢ...»

Көгілдір көк жәшіктен көріну - бәрінің арманы деп ойлаймын. Бірақ, дәл сол көк жәшіктен көріп жүрген адамыңды өмірде көру тіптен бақыт емес пе? Тәуелсіздіктің 30-жылдығына орай ұйымдастырылған осынау шарада сол бақытты қарашаның 25-ші жұлдызында сезіндім. Менің 4 - с ы н ы п т а журналист болғым келген арманым қайта тұтанғандай болды. Әрине, оған себепші, “Мейіржан Әлібекұлы” еді... Кез десуден алғанымыз көп, ойға тоқығанымыз оданда сансыз.



Мейіржан Әлібекұлынан алған әрбір ақыл-кеңес, мейлі журналист болмасаң да, өз салаңда білікті маман ретінде көркем сөйлеу алуың үшін керек деп санаймын. Естен кетпес кездесуді ұйымдастырған жандарға алғысым шексіз! Мәнді, мағыналы, ойға түйерің көп кездесулер керемет жандармен көптеп ұйымдастырылса, жастарымыздың өрісі кеңейері айдан анық!

Денсаулықтың сақталуы - ұзақ өмір сүру кепілі

Тән саулығы өміріміздің маңызды да ажырамас бөлігі. Ал, сол денсаулықты сақтауға әрбіріміз өзіміз жауаптымыз. Денсаулық мәселесінде халықаралық ең маңызды күндердің бірі - 1 желтоқсан аталып өтетін дүниежүзілік ЖИТС-ке қарсы күрес күні. Осыған орай, 24 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің физика-математика факультетінде 2-3 курстар арасында «ЖИТС-тың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі облыстық орталықтың» мамандарының қатысуымен семинар өткізілді. Мақсат - түсіндірме шарасы арқылы, студенттерге вирустан сақтану жолдары туралы ақпараттар беру болатын.

Семинарда вирусты жұқтыру, алғашқы белгілері, алдын алу, ауруды емдеу жолдары толық түсіндірілді. Бұл тақырып қызықты болғаны соншалық, қатысушылар кезекпен көкейкесті сұрақтарын қойып, тақырыпты қызу талқылады. Сонымен қатар, бұл шара студенттерді тазалыққа, денсаулыққа салғырт қарамауға, аурудың алдын алуға үндеді. Қазіргі таңда, мұндай шаралардың көптеп өткізілуі керек деп санаймын. Себебі бізге, болашақ педагогика саласының маманы ретінде денсаулықты сақтау туралы ақпарат өзекті. Өз өмір жолымызда денсаулығымызды күтуге жауапкершілігімізді арттырып, қателіктерге бой алдырмауға кепілдік береді.

Нұрай ЖЕДЕЛ,
Физика-Математика факультетінің ФИ-21 тобы студенті

2021 жылдың 30 қараша күні физика-математика факультетінің белсенді студенттері ұйымдастыруымен 1-курс студенттері арасында «Ran 'n' Shadow» атты кеш өткізілді.

«Ran 'n' Shadow»

Көптен күткен бұл кешке факультеттің әр топ студенттерінен 5 жұп қатысқан еді. Ең алдымен жұпарымыз вальс билеп кешіміздің сәнін кізгізді. Бал бес кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде қатысушы жұптары өздерінің дайындаған видеороликтерімен таныстырып шықса, екінші кезеңде өнерлерімен таңқалдырды. Үшінші кезеңде логикалық сұрақтарға жауап берсе, келесі кезеңде әр ұлттың билерінен сол ұлттың атмосферасын сезіндірді. Соңғы кезеңде мультфильм кейіпкерлеріне пародия жасады. Әділқазы иелері әр жұпқа тиісті ұпайларын қойып отырды. Кеш соңы 2,3 курс студенттері қортындылап ән айтты. Қатысушы жұптар жүлделі I, II, III-орындарға ие болып, қыздар макияжбен маникюрге жолдама алса, ұлдар барбершопқа жолма алды. Шараның негізгі мақсаты 1-курс студенттерін оқудан тыс жаңа қырларынан көру, оларға жаңа бағытқа жол ашу, жақсы көңіл-күй сыйлау.

Гүлжауар УТЕПБЕРГЕНОВА,
Физика-Математика факультетінің белсендісі,
ИС-21 тобы студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
Кулымбай Лаура



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ГЕОГРАФИЯ факультеті

2021 жылдың 13 желтоқсанында М.Өтемісов атындағы БҚУ, жаратылыстану-география факультетінде В.В.Иванов атындағы атаулы шәкіртақы иегері, биология мамандығының 4-курс студенті Г.Қ.Смағұлованың ұйымдастыруымен көрнекті ғалым-энциклопедист, Бүкілодақтық КСРО географиялық қоғамының Құрметті мүшесі, «Профессор В.В.Ивановты таныстыруға арналған танымдық кеш» өткізілді. Шараға факультеттің 1-4 курс студенттері және «биология және экология» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Ғалым есімі ұлықталды

Тұңғыш биология ғылымдарының докторы, Қазақстанның дүние жүзіне танылған тұңғыш профессоры әрі БҚО геоботаника және өсімдіктер физиологиясы ғылыми мектебінің негізін салушы, XX ғасырдың екінші жартысындағы Солтүстік Каспий аймағы флорасын ірі зерттеуші В.В.Ивановтың өмірбаяны, еңбек жолы таныстырылды. Сонымен бірге, кеш қонағы профессор В.В.Ивановтан дәріс алған шәкірт,

қазірде ардақты ұстаз «биология және экология» кафедрасының аға оқытушысы Қ.Б.Булатова сөз алып, ғалым-энциклопедист жайында қызықты оқиғалармен бөлісті.

Басты мақсаты – студенттердің білім, ғылымға деген қызығушылықтарын оятып, білім ордасының оқытушы-профессорларын ұлықтау болған танымдық шарада студенттер, ғалым-ұстаздың еңбектерімен танысып,

экспедициялар барысындағы фотосуреттерін, видеороликтерін тамашалады. Ары қарай, кафедраның аға оқытушысы Ж.С.Кажымуратова 1 курс студенттерін тарихи жәдігер гербарий қорына саяхат жасатып, шара соңында, кеш қонақтары қатысушы студенттерге алғыстарын білдірді.

Гүлнұр СМАҒҰЛОВА,
Б-41



Сонымен қатар университетіміздің бас кітапханасының көрмесі қойылып, түрлі кітаптар алып келінді. Кешті өз әріптестері және 4 курс студенттері ұйымдастырып, 1-4 курс студенттері кеш ажарын ашты. Бірі ән айтып, бірі өлең жолдарын оқып Рамазанов Серік Кішібекұлын құттықтап өтті. Кеш жүргізушілерінің ұйымдастыруымен арнайы Серік Кішібекұлымен сұхбат жүргізілген болатын. Аға оқытушы өзінің балалық шағындағы қызықты шақтарымен бөлісіп, сонымен қатар география мамандығына өз қызығушылығының қалай келгені жөнінде айтып берді. Оған қоса жұмыс барысында жүргізілген далалық сарамандықтың қаншалықты қызықты екенін студенттерге, жалпы кеш қонақтарына жеткізе білді.

Фарица КУСПАНОВА,
Гео-41

“Елдіктің жеті тұғыры”

Желтоқсан айының 8-ші жұлдызында Экономика және менеджмент кафедрасының доценті экономика ғылымдарының кандидаты қауымдастырылған профессор Тлесова А.Б. “Елдіктің жеті тұғыры” атты Елбасы мақаласының түсіндіру жұмыстарын өткізді. Шарада Тәуелсіздіктің жеті құндылығының әрбіріне тоқтала отырып, осы 30 жыл ішінде біздің жеткен жетістігіміз, Тәуелсіз мемлекет ретінде құрылғанымыз туралы, жеті құндылықты ашып түсіндірді.

Бірінші тұғыр «Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық». Тәуелсіздік – бағзы замандардан бері ата-бабаларымыз аңсаған баға жетпес байлығымыз, азат күннің алтын тұғыры! Тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолында тынбай еңбек етіп, келешегімізді кемелдендіре түсуіміз қажет.

Екінші тұғыр «Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры». Халықтар достығы, ел бірлігі, мызғымас татулық – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі және мәңгіге солай болып қала бермек. Себебі, ел тыныштығы кез-келген мемлекеттің дамуына жарқын жол ашады.

Үшінші тұғыр «Жер – ата-баба мұрасы,

халық қазынасы». Біздің ата-бабаларымыз дархан даламызды ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, бізге аманаттап тапсырды. Сондықтан біз өз жерімізді қадірлеп, қастерлеп, қорғай білуіміз керек.

Төртінші тұғыр «Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын діңгегі». Отбасы құндылығына барынша мән беріп, салт-дәстүрімізді дәріптеп ұрпақ санасына сіңіру арқылы ғасырлардан ғасырларға жалғасып келе жатқан өз құндылықтарымызды сақтай аламыз.

Бесінші тұғыр «Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі». Өнегелі отбасы, салт-дәстүр, мәдениет деген ұғымдар бір-бірінен ажыратуға болмайтын үлкен құндылықтар. Біз осы құндылықтарды

үнемі қастерлей отырып кемел келешекке көш түзейміз.

Алтыншы тұғыр «Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті». ХХІ ғасыр – Қазақстанның алтын ғасыры! Біздің ел жастардың бойына терең білім, саналы тәрбие сіңіру жолында еңбек етіп келе жатқан ел. Бақыттың кілті – білімде десек, білімді ұрпақ еселі еңбек ету арқылы ғана ел мерейін көтере алады. Білім мен еңбек қана әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті елдермен теңесуге жол ашады.

Жетінші тұғыр «Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі». Қазір біздің мемлекетімізде жастардың жан-жақты білім алуына, қоғам пайдасы үшін еңбек етуіне барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Елбасымыз айтқандай, қолда бар ресурс пен мүмкіндіктерді пайдалануға, нәтижелі жұмыс жасауға және көздеген мақсатқа тиімді қол жеткізуге тырысуымыз қажет.

Олай болса, жарқын ел болашағы үшін Елбасымыз ұсынған осы қағидаттар жиынтығын біз жастар бойымызға сіңіруіміз қажет. Осылайша, Елдігімізді тұғырлы, Тәуелсіздігімізді баянды ете аламыз.

Әйгерім БИСЕНҒАЛИЕВА,
Б-31

Тәуелсіздік Желтоқсаннан басталады

16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Жаратылыстану-География факультетінің БГ-21 тобы «Тәуелсіздік Желтоқсаннан басталады» атты көрмекеш кеш ұйымдастырған болатын.

Шара жоғары деңгейде өтіп, көрермендерге Тәуелсіздік қадірін тағы бір еске түсірген секілді. Шарада Желтоқсан құрбандары туралы айтылып, тәуелсіздік туралы көрмекеш өлең жолдарымен өрбіді. Атамекен туралы өсем әуен құлақ құрышын қандырды. Шараны қорытындылау мақсатында, деканның тәрбие жөніндегі орынбасары Жаннат Санкибаевна сөз алып, өзінің ыстық ықыласын білдірді.

Нұрлан ҚОСАНОВ,
БГ-21



БЕТ РЕДАКТОРЫ: Бисенғалиева Айгерім

Құқық бұзушылық және заңды жауапкершілік

Қараша айының 29-шы жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінде Тарих және құқық факультетінің оқытушысы Казиев Тайман Исмагулович пен Рамазанова Гульнара Айбековнамен кездесу өткізілді.

Кездесу барысында, жол ережелері мен қазіргі қоғамдағы нашақорлық туралы, әрі адамдарға төнетін қауіп-қатерден сақтану ережелерінде атап өтті. Студенттерімізге өте пайдалы, әрі маңызды ақпараттар берілді. Осы орайда “Сақтансаң сақтармын”, - деген халық даналығы есімізге түседі. Осы кездесуден студенттер, өз көзқарастарын өзгертіп толық, мағыналы жаңа ақпараттар алды деп есептейміз. Алтын уақытын бөліп келген қонақтарымызға, әрі көрермен студенттерге алғысымыз шексіз!

Индира ЖУЛКАШЕВА, БГ-21

БІЛІМДІЛЕР ДОДАСЫ

“Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30-жылдығы” мен “Халықаралық студенттер күні” аясында Қараша айының 17-і жұлдызы, Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университеті мен Орал қалалық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының және Интеграл жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, КазИИТУ студенттер сарайында өткен “БІЛІМДІЛЕР ДОДАСЫ” зияткерлік сайысының арнайы жобасы өткізілген болатын. Бұл сайыста Жаратылыстану-география факультетінің ХТОВ-41 мамандығының студенті Амангельдиев Мейрамбек бастаған “БҚУ Қырандары” жұлделі 1-ші орынға ие болған болатын.

Жаратылыстану-география факультеті сіздерді шын жүреппен құттықтайды. Алар асуларыңыз биік болсын!

Индира ЖУЛКАШЕВА, БГ-21

ҰСТАЗ - ҰЛЫ ТҰЛҒА

Қараша айында 23 жұлдызында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, жаратылыстану-география факультетінің аға оқытушысы, доцент, география ғылымдарының кандидаты Рамазанов Серік Кішібекұлының 65 жас мерейтойына орай құттықтау кеші өткізілді. Кешімізге факультетіміздің деканы, ардагер ұстаздары, оқытушылар қауымы мен қызметкерлер қатысып, өздерінің жүрек жарды тілектерін арнап әріптесін жылы лебіздерімен құттықтады.



Сонымен қатар университетіміздің бас кітапханасының көрмесі қойылып, түрлі кітаптар алып келінді. Кешті өз әріптестері және 4 курс студенттері ұйымдастырып, 1-4 курс студенттері кеш ажарын ашты. Бірі ән айтып, бірі өлең жолдарын оқып Рамазанов Серік Кішібекұлын құттықтап өтті. Кеш жүргізушілерінің ұйымдастыруымен арнайы Серік Кішібекұлымен сұхбат жүргізілген болатын. Аға оқытушы өзінің балалық шағындағы қызықты шақтарымен бөлісіп, сонымен қатар география мамандығына өз қызығушылығының қалай келгені жөнінде айтып берді. Оған қоса жұмыс барысында жүргізілген далалық сарамандықтың қаншалықты қызықты екенін студенттерге, жалпы кеш қонақтарына жеткізе білді.

Фарица КУСПАНОВА,
Гео-41

“Интеллектада”

Қараша айының 29-шы жұлдызында “Интеллектада” атты факультетаралық интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды. Сайысқа Музыка және өнер факультетінен басқа барлық факультеттер қатысты.

Жалпы, сайысымыз 5 кезеңнен тұрды: 1-кезең «Кім жылдам?»

2-кезең «Портрет»

3-кезең «Көнерген сөздер»

4-кезең «Relax time»

5-кезең «Kahoot»

Осы кезеңдердің қорытындысы бойынша:

1-ші орын «Педагогика факультеті»

2-ші орын «Жаратылыстану-география факультеті»

3-ші орын «Тарих, Экономика және құқық факультеті» иеленді.

Және де қатысушылармен қатар, көрермендерде белсене қатысып, қатысушылар білмеген сұрақтарға жауап беріп отырды.

Осылайша, білімділігімен көзге түсіп Тарих, Экономика және құқық факультетінің 1-ші курс студенті Ибраев Маулет белсенділігі үшін марапатталды.

Барлық қатысушылар белсенді қатысты. Университетіміздің студенттері әрі өнер жағынан да, әрі білім жағынан да мықты екендіктерін тағы да бір мәрте дәлелдеді.

Барлық қатысушылар мен ұйымдастырушыларға алғысымыз шексіз.

Біз сіздермен мақтанамыз!

Ааяжан ІЗБАС,
ХБ-21



МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР факультеті

Жастарды жігерлендірген форум

Міне, биыл Қазақ елі тәңірі берген Тәуелсіздігінің, арайлы азаттығының отызыншы жылына қадам басып отыр. Орда бұзар отыз жасқа келіп қалған жас мемлекетіміз білімді де білікті жастарының арқасында күннен-күнге қарыштап дамып келеді. Ел егемендігінің 30 жылдығы қарсаңында М.Өтемісов атындағы БҚУ ұйымдастыруымен дарынды жастардың басын қосып «Тәуелсіз елдің ұрпақтары!» атты облыстық жастар форумын ұйымдастырған болатын. Форумға қаламыздағы 4 жоғарғы оқу орындарының белсенді студенттері қатынасты.

Атаулы күнде университеттің қоғамдық өмірінде белсенді болған студенттерді ректор атынан Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапаттады. Осынау торқалы мерей тойлық шарада Мәдениет және өнер факультетінің студенттері де құр алақан қалмады. Факультетіміздің намысын қорғап, атын жалпақ жұртқа дәріптеп жүрген студенттеріміз Құрмет грамотасын иеленді.

Атап айтсақ: Қоблан Мирас - Режиссура мамандығының 4 курс студенті, Байғұтты Қайрат – Дәстүрлі музыкалық өнер мамандығының 4 курс студенті, Абуов Ержан Жалғасұлы – Режиссура мамандығының 5 курс студенті, Асқарова Айкөркем Жұмакешқызы - Режиссура мамандығының 5 курс студенті, Хамидуллина Динара Қобланқызы - Режиссура мамандығының 5 курс студенті.

Өнер мен мәдениеттің ордасына айналған факультетіміздің бірқатар студенттері арнайы Алғыс хатпен марапатталды: Қабиев Ернар - Мәдени тынығу жұмысы мамандығының 4 курс студенті, Төлегенова Гүлсезім Талғатқызы - Мәдени - тынығу жұмысы мамандығының 4 курс студенті, Қожбанова Аида Бимұханқызы - Мәдени – тынығу жұмысы мамандығының 4 курс студенті, Аманжолов



Алишер Аманжолұлы - Хореография мамандығының 2 курс студенті, Есенжанов Нуржан Ондасынович - Хореография мамандығының 3 курс студенті, Меренов Жақсылық Қазбекұлы - Хореография мамандығының 3 курс студенті, Габбасова Саида Нурболатовна - Хореография мамандығының 4 курс студенті, Джулкатова Назерке Ниязғалиқызы - Хореография мамандығының 3 курс студенті.

Тұла бойына сан-салалы өнер мен өнегелі мәдениетті жинаған мәдениет және өнер факультетінің студенттері биылғы жылды мол табыспен аяқтап жатыр. Ұлық мерекеде марапатталған барша студенттерімізді мерейлі марапаттарымен шын жүректен құттықтаймыз!

Аида ҚОЖБАНОВА,
МТЖ-41



Желтоқсан айының 10-ы күні М.Өтемісов атындағы атаулы шәкіртақы иегері, Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 4-курс студенті Төлегенова Гүлсезім Талғатқызының ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай «Ақсұңқардан туған құмаймын» атты Махамбет Өтемісұлы бабамыздың өлеңдерін мәнерлеп оқу сайысы өткен болатын. Батыр бабамыз Махамбеттің ерлігі мен өрлігін, ақынның отты шығармаларын ұрпаққа таныту мақсатында ұйымдастырылған байқауымызға факультетіміздің 1-4 курс студенттері қатысты.

«Ақсұңқардан туған құмаймын»

Шарамыздың шымылдығын Дәстүрлі музыкалық аспап мамандығының 2-курс студенті Ғалымжанов Сатжан «Мен - мен, мен едім» термесімен ашып берді. Байқауымызда рухты жастарымызды бағалап, өз әділ төрелігін берген қазылар алқасында Мәдениет және өнер факультетінің оқытушысы, магистр Елекенова Ардақ Бекмирасқызы және сту-

денттік декан Бейбітов Айбек Бейбітұлы болды. Сайыс ережесі бойынша әр қатысушы Махамбет Өтемісұлының кемінде үш өлеңін мәнерлеп жатқа оқып беруі керек. Қазылар алқасы сарапқа сала келе, «Ақсұңқардан туған құмаймын» атты мәнерлеп оқу сайысында: 3 - орынға Нигметов Төребек және Маратов Ерасыл тұрақтаса, 2 - орынды Қуанғали Аружан

иеленді. Ал байқауымыздың бас жүлдесін Құсайынова Анар өз қанжығасына байлады.

Бойында Махамбеттің күші дарып жатырған, өрен рухты жастарымызға поэзия әлемінде шығар биіктеріңіз мұзарттар болғай деген ыстық тілегімізді білдіреміз.

Гүлсезім ТӨЛЕГЕНОВА,
МТЖ-41

Би — музыкалық ырғаққа сай дене қимылымен көрсетілетін өнер. Би хореографиясы жинақы образдар арқылы болмысты бейнелеп, адамның ішкі жан дүниесін көрсетеді. Адамдардың күнделікті еңбек процесіндегі іс-әрекеттері, қоршаған дүниеден алған сезім-әсерлері, би қимыл-қозғалыстары мен би шараларына негіз болған. Жастардың бимен шұғылданып, факультеттер арасында би жанрын қалыптастыру мақсатында 26 қараша күні мәдениет және өнер факультетінің ұйымдастыруымен факультеттер арасында «The dance awards» атты би байқауы өтті. Байқау мақсаты, студенттер арасында таланттыларды анықтап, университет студенттерінің арасындағы достық қарым-қатынасты қалыптастыру, тәжірибе алмасу.

Хореография және мәдени-тынығу жұмысы кафедрасының оқытушысы, магистр Қалжанова Арайлым Болатқызы, Хореография мамандығының 4 курс студенті Меңдіғали Камила, «Гефест» би студиясының хореографы, «DanceFit» би студиясының жаттықтырушысы Киреева Гульнара Темірланқызы - жарысқа



БЕТ РЕДАКТОРЫ: КУЛЬБЕКОВА Зульфура

Напутствие первокурснику

Ежегодно в университет поступают сотни новых студентов. Каждый из них приходит со своими целями. Кто-то намерен спокойно «грызть гранит науки», кому-то по душе общественная жизнь студенчества: организация концертов, мероприятий, участие в собраниях и конкурсах



различных направлений. Однако, хочу посоветовать каждому задуматься о «своем почерке», не в прямом смысле этого слова! Почерк - это то, почему нас могут узнать. Рекомендую, стремиться быть ярким, громким, отличаться поступками и ответственностью! Если не стесняться показывать свои таланты и умения, браться за задания и исполнять их в срок, помогать, генерировать идеи, быть активным и инициативным, тогда, уверяю, успех в студенческой жизни гарантирован! Более того, вы на долгие годы войдете в историю университета, останетесь в памяти одногруппников и преподавателей, а вспоминать будут только добрым словом! Так что, не бойтесь своей индивидуальности, будьте неповторимы, и сияйте ярче всех звезд!

Анастасия ГОНОШИЛИНА,
Д-52

қатысушы бишілерімізге төрелік етті. Байқауда топтар топтық заманауи би және импровизациялық заманауи би кезеңдері бойынша өнер көрсетті. Екі бағыт бойынша өнер көрсеткен топтар арасында жеңімпаз топты анықтау қазылар алқасына қиынға соқты.

Кілеңмықтылар жиналған би жарысында: 3 орын Dazzlers - Физика және математика факультеті; 3 орын Winners - Жаратылыстану және география факультеті; 2 орын Double buble - филология факультеті.

Оқ бойы оза шауып, 1 орынды қанжығасына байлаған Тарих, экономика және құқық факультетінің студенттерінен құралған «Step way» би тобы иеленді.

Топтарға жетекшілік еткені үшін факультетіміздің Жалпағанбетова Агис ХГ-21 Сатымова Асылзада МТЖ-21 студенттеріне алғыс хат табысталды. Жалынды жастардың басын қосқан «The dance awards» байқауы өз жалғасын таба бермек. Байқау жеңімпаздарын шын жүректен құттықтай отыра, би әлемінде қанаттарың талмасын деген тілек білдіреміз!



2016 жылы қақтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.
А. Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)

№9 (44), желтоқсан, 2021 жыл

Баубек Бұлықшев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

Қай елде де, қай жерде де рухани жаңғыру – ұлт рухының алтын діңгегі. Ал белгілі бір ұлт ұрпағының рухани жаңғыруындағы басты тұлға – сол халықтың біртуар Ақыны. Қазаққа да, башқұртқа да ортақ Ақмолла ақын – тап осы саптағы тұлға. Ақмолла (Мұфтахетдин) Камалетдинұлы Мұхамедияров (1931-1895 ж.ж.) қазіргі Башқұртстан Республикасы (Белебей ауданы) жерінде туып, сонда (Миас ауданы, Сарласан ауылы) қайтыс болған. Оның әкесі - қазақ, шешесі - башқұрт. Өзі татар арасында тәрбиеленген. Стерлітамақтағы, Орынбор маңындағы, Троицкідегі мектеп медреселерінде оқыған. Қостанай, Троицкі, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау жақтарындағы қазақ ауылдарында бала оқытқан. Ақмолла өлеңдерін қазақ, башқұрт, татар тілдерінде жазған.

Ақмолла – ойшыл ақын. Оның өлеңдерінің дені заман туралы, қазақтың тұрмысы, хал-жайы, оқу, өнер, ғылым, дін, мінез-құлық туралы болып келеді. Ақмолла діни оянушылық – жөдитшілдік тұрғыдан ой өріп, қазақ арасындағы ескілікті, ру-ақсақалдық, бектік-феодалдық қоғам қалдықтарын сынап, халықты оянуға, ілгері ұмтылуға үндеген. Ескі қадим оқуын сынап, халықты жаңа оқуға, дүниелік оқуға, өнер-ғылымға шақыруы ұнамды. Мәселен, ақынның саясат, шаруашылық, мәдениет жөнінен басқа халықтардың бәрінен мүлде кейін қалып отырмыз. Енді тез оянып, шұғыл, жедел, ілгері ұмтылайық,

АҚМОЛЛА АҚЫН ОЙШЫЛДЫҒЫ ЖӘНЕ АТАЛЫ СӨЗ ҚҰНЫ

озып кеткен елдерден үлгі, өнеге алайық, оларды қуып жетейік, заман осыны тілейді, заманды аңғарайық, заманға ыңғайланайық дегені көңілге қонымды. Бір мысал: «Болмайық төрт аяқты мал секілді, Қураған жапырақсыз тал секілді. Бақшадай жігіт адам көркейеді, Ғылыммен сөз сөйлесе бал секілді. Көз салып қараңызшы әртарапқа, Дүниеде ашылғандай темір қақпа. Сен де енді өнерге ұмтыл, әрекет қыл, Талпынып өнер үйрен, мұндай шақта», «Бейқам боп жата берсең қор боларсың, Жау жоқ деп ойламаңыз жар астында...Тұрмысы басқа елдердің күн секілді, Тұрмысы надан елдің түн секілді, Өзіңіз ойлап қара миға салып, Көрінер осы жері мін секілді».

Ақмолланың бірқатар өлеңдері - дін туралы, адамның ниеті, мінезі, қылығы туралы. Ақын оның біразында өз заманындағы адамдардың, би-болыстардың, қожамолдалардың, бай саудагерлердің дүниеқорлық, теріс ниеттерін, мінездерін, іс-әрекеттерін сынайды. Ақмолла дін, ниет, мінез-құлық туралы өлеңдерінде ізгілікті, адамгершілікті насихаттайды. Ол жұртты дүниеқорлықтан, қиянатшылдықтан, зорлық-зомбылық, арамдық, жауыздық істерден тыйылып, хақ жолын берік ұстап, таза, тура жүруге, шүкірлікшілік қылуға қыл, әдепті, қайырымды болуға үгіттейді. Ақмолланың бірқатар өлеңдері жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары туралы. Мәселен, «Көктем», «Жаз», «Күз», «Табиғат құбылыстары». Бұл өлеңдерінде ақын табиғат, жыл мезгілдері көріністерін сипаттап, халық өмірінің жарасымды, келісімді суреттерін береді. Солардан өз көзқарасына сай философиялық ой түйеді, саяси қорытындылар жасайды («Дүниедегі түрлі заттар от болар, Сан өсімдік, от боп жанып, жоқ болар. Жаратылыс құбылысы бұл-дағы, От та күл боп, ақырында жоқ болар»). Белгілі әдебиеттанушы ғалым Б.Кенжебаев бұл туралы: «Ақмолланың жыл мезгілдері, табиғат құбылыстары туралы өлеңдері - оның өзі қатарлы ақындардың бәрінен бір өзгешелігі, артықшылығы. Өйткені бұл топқа жататын ақындардың Ақмолладан басқа ешқайсысы жыл мезгілдерін, *табиғат құбылыстарын жырлаған да, суреттеген де емес. Суреттеген күнде Ақмолла дәрежесінде тіршілік философиясына айналдыра алмаған*», - деп жазуы әбден құптарлық тұжырым.

Бір ғажабы, Ақмолла ойшыл көбінесе өлеңнің ішкі мазмұнына мән беріп, ойлы, философиялы болуына күш салған. Өлеңдерін ақын мейлінше мағыналы етіп, тыңдаушының ойын оятарлық тұрғыда жазуға тырысқан. Сондай-ақ, Ақмолла ақын өлеңдері образға бай. Ақында теңеу, салыстыру, шендестіру мол. Ол қазақтың ауыз әдебиетінде бұрыннан келе жатқан, өзінен бұрынғы қазақ ақын-жазушылары жасаған сөз образдарын молынан

орынды қолданумен бірге, өзінше жаңа сөз образдарын жасаған («Өсері асыл сөздің балдай татыр, Бұл жерде көңілім қорқақ, тілім батыр», «Тамырсыз дәулетті бай кең бола алмас, Тай тайлақ, ат атанмен тең бола алмас... *«Сауысқан әкім болып, тоты болмас, Ел-елдің бозбаласыз құты болмас... Жаманның кесепты алыс болмас, Жөкені майлағанмен қайыс болмас... Суырға кілем жабу келіспейді, Шағала болуменен тауыс болмас. Көк темір қайрауменен алмас болмас, Көк есек құрдас болып, мұңдас болмас...*). Байқағанымыздай, бұл жерде Ақмолла - ақын шешен тілді, өткір ойлы ақын. Өлеңдерінде қолданыс тапқан мақал-мәтелдері, афоризмдері болаттан құйғандай шымыр. Олар ақынның ой-пікірін айқындап, ақын заманының өзгешелігін нақты сипаттайды. Қысқасы, аталы сөзге арсыз ғана таласады десек, **Ақмолла** – аталы сөздің құнын жоғары бағалай білген ойшыл ақын.

Біле білсек, қара жерде өлмейтін – Алла жіберген сөз ғана! Сөз – Тәңірінің елшісі! Егер де жақсы кітап – ұлттың антологиясы десек, әрбір ойлы афоризм – жеке бір жақсы кітап іспетті. Ата-баба нақылы – құндылық көзі. Өнеге – нақылдан. Жалпы адамзатқа тән бағзы заманнан келе жатқан кемеңгерлік тұрғыдағы таңғажайып нақыл сөздерден үйренуіміз керек. Барша жұрт қабылдап, айтып жүретін қып-қысқа нақыл сөздер мен мақалдар барлық адамға ақиқат болып көрінбесе, ондай нақыл сөздер

ғасырдан ғасырға жетпес еді. Ұрпақтың ұрпаққа қалдырар ең асыл мұрасы – өзі бастан кешкендерден түйген азды-көпті рухани тәжірибесі. Қуаты мол, тапқырлыққа толы тамаша нақылдар ешқашан ұмытылмайды: олар ғасырлар бойы есте сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп отырады. Демек, аталар сөзі – ақылдың көзі. Ал Ақмолла ақын сөзі – ата сөзінің мол нұсқасы.

Адам мақсатына рухани жағынан өзін-өзі жетілдіру арқылы жетеді десек, адам бойына рухани құндылықтардың даруы нақыл сөздерді қолдану арқылы да сіңбек. Ал нақылдап сөйлей алмаған адамға қалай қарау жөн? Халық даналығына бойласақ, айтар нақылы жоқтың, табар ақылы жоқ. Халыққа нақылмен ойлау тән. Құтып дана болжағандай, нақыл сөздер көп болғанымен, айтар адам аз. Нақышымен нық қадап, түбіне жеткізе сөйлеген адам – шешен адам. Телегей тәжірибеге жүгінсек, ұлы адамдардың өздері де өткір сөздің қолжаулығымен жүруді жек көрмейтінін байқаймыз.

Нақыл – ой тұнбасы. Тұңғыық ойлар – өзін ештеңемен суырып ала алмайтындай тұрғыда ақылға сіңірілген мық шеге. Құстың қапелімде жерге түсіріп алған жалғыз дәнінен кейде уақыт өте келе тұтас бір орман, жаңа бір туынды өсіп шығады... Кемеңгерлердің нұрлы ойларымен танысу таңғажайып ой жаттығуы іспетті. Ақылды құнарландырып, ойды сындарлы етеді. Жасқа да, жасамысқа да қажетсіз болуы мүмкін емес. Әлемдік өркениет жұлдызы Лев Толстойдың бірде: «Менің өзгенің ақылымен өмір сүргім келмейді, қажет болса, өзім ойлап аламын» дегенді жастар тарапынан жиі естиміз. Ойлап қойылғанды ойлап жатудың қажеті қанша? Барды ал да, ілгері жылжы. Адамзаттың күші осында», - дегені бар-ды. Ендеше, аталы сөз – тоғыз қабат қорғаның. Қасиетті сөздер өздерін қайталаптырып оқыттырады емес пе?

Сөз асылы – мақал. Мәтел – гүл, мақал – жидек. Халықтың данышпандығы, рухы, мінез-құлқы оның мақалдарында көрініс тапқан. Мәтел – сөз оралымы қалыптаспаған сөйлеу элементі, мақал – аяқталған түйін, тұжырымды ой. Мақал - ойдың інжуі. Ағылшын ақыны Альфред Теннисон: «Мақал дегеніміз – замананың сұх саусағында мәңгі бақи жарқырайтын бес әріптен құралған асыл жүзік» деген. Мақалдар – мол өнеге көзі. Мақал-мәтел – маржан сөз, қоса көрме арзан сөз дейтініміз содан. Ал нақыл сөздер – афоризмге негіз болар түйін көзі. Афоризм – өнер иіріміндегі философия не философия иіріміндегі өнер. Афоризм – философия поэзиясы. Демек, афоризм – тілсіз тәлімгер. Нақыл сөздер ой толғауға баулымақ. Осыдан келіп көп көрген мен көп түйген көсем болары даусыз.

«Есенінде-тірінде бір болыңыз бәріңіз» деген Асан

қайғы бабамыздың «Білгеннің қандай пайдасы, білместі жолға салмаса» деп толғағаны да бар. Ал «Надандықтың белгісі – тілін алмау білгеннің» деуінде қаншама салмақ бар десеңші! Ендеше, халық жадындағы афоризмдер кешені – даналықтың зердесі, парасаттылықтың пердесі, кемеңгерліктің көзі, ғұламалықтың өзі. Әбіш Кекілбайұлына жүгіне айтар болсақ, «қазір қайсысымызға да ақша да, басқа да қат болғанымен, ең басты қат нәрсе – ақыл. Жанашыр достың ақылы. Көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің немесе солардың тереңіне бойлай білген зерде мен зейіннің айтатындары». Демек, афоризм – «көргені көп кемелдің, жеткені көп беделдің» өмірі тәжірибенің тереңінен таратқан зердесі мен зейінінің тұнбасы. Мәселен, үндемегеннің өзі де жауап дегенді қалай түсінеміз? Афоризм бұған не дейді? Сократқа сүйенсек, екі жағдайда ғана сөйлеуді қолдайды: бірі – өзіңнің сөйлер нәрсенді айқын ойланып алғанда, екіншісі – бір нәрсе жайында айтудың аса қажеттілігі туындағанда. Тек осы жағдайларда ғана үндемегеннен сөйлеуді мақұл көрсе, қалған тұстарда сөйлегеннен сөйлемегенді анағұрлым артық санайды. Шал ақын айтпай ма: «Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық, Бәйге алмаған жүйріктен, белі жуан бесті артық» деп. Көп сөйлеген көп сөтсіздікке ұшырамақ, ендеше сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ.

Сондай-ақ, тыңдай білуді ұлылыққа балаймыз. Сыры неде? Афоризмге жүгінсек, Махамбет бабамыз айтады: «Арғымақтың баласы аз жусар да көп жортар, Адамзаттың баласы аз сөйлер де көп тыңдар» деп. Абай данамыз айтады: «Ақы беріп тыңдатқан сөз көкейге қонар ма? Құлағын сатқан тәңір атқан оңдырар ма, оңар ма?» деп. «Адам сөзді тыңдай білген жағдайда ғана шешен болады» («Қабыснамадан»). «Сөздің бәрін тыңда, керегін ал», - дейді Орта Азияның әйгілі ақыны, қазақ ғалымы Жүсіп Баласағұн. Грек данышпаны Клеобул (б.э.д. 540-460 ж.ж.) «Айтқаныңнан тыңдағаның көп болсын» деген. «Тыңдай білу мәдениеті жоқ кездегі сөйлеу дағдысы – біздің бүгінгі күніміздің айқын да мұңды белгісі» (Эватл) де. Демек, ақылды сөздік ақымақ та тыңдайды. Ал аузына ие бола алмаған есірікке құлағыңды қор қылмағысың. Былжыр сөзге бітеу құлақ. Олай болса, сөйлеген егерін, тыңдаған орарын білелік!

Сөз сөйлеуге даярлықты демосфендік дағдыға неге теңейміз? Тағы да иланымды жауапты сан ғасырлық тәжірибе түйіні айтсын. «Небір өнер, небір даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін емес» (Демокрит). «Ғалым сөзін естіп ал, есінде ұста» (С.Сарайи). «Шынайы шешендікке адамды баулу үшін, қоңырау дауысты, тәртіпті сақтайтын полицияның керегі жоқ» (Раф Эмирсон). «Кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол – халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік» (Демосфен). «Аз білетініңді ұғыну үшін, көп оқып үйрену керек» (Мишель Монтень). «Қалам – ең жақсы тәлімгер, жазылған сөз тап қазір ойлаған сөзден артық» (М.Т.Цицерон). Қуанарлығы – осылай жалғастыра беруге боларлығы. Бүгінгі ұрпақтың сауалына берілер әлемдік өркениеттегі ата-баба жауаптарының бірінен-бірінің өтімділігі, бір-бірін толықтыра, толыстыра, тереңдете түсетіндігі. Әрине, қолға алған белгілі бір көркем шығармадағы не ғылыми еңбектегі түйін-тұжырымдардың ойлантаы, ойыңа ой қосары даусыз. Мәселен, бірнеше бестселлер кітаптарының авторы, 20 жасында тағдыр тәлкегіне ұшыраған шешен тұлға Хэл Элродтың «Магия утро» (Как первый час дня определяет ваш успех) еңбегін қолға алып, тамсана оқып шыққаннан кейін терең ойда қалдым. Нәтижеде неміс философы Артур Шопенгауэрдің (1788-1860) таңғы сәтке қатысты философиялық тұжырымын былайша аудардым: «Тансәрі – әрбір күн атаулының нұрлы да нәрлі тұсы, сәбилік шақ іспетті. Осы тұста тұп-тұнық мөлдірлікті, уыз қалыпты, айрықша айқындылықты, ерекше жеңілділікті аңғарамыз. Бойға біткен күллі күш-қуатты сезінеміз, күллі қабілет-қарымымыз кемерінен аса төгілу күйін кешеміз. Демек, керіле жатып, кеш тұруымызбен таңсәрілік уыз шақты қолдан қысқартпау жөн, мәнсіз іс-әрекетпен, бос әңгімемен ысырап етпеу жөн. Бұл сәтті адам өмірінің нағыз мәнді бөлшегі (квинтэссенциясы) тұрғысында мәпелей қарау не белгілі бір ретте қастерлі де қасиетті мезет ретінде бағалау орынды» деп. Аударма нұсқасын студенттеріме ұсындым. Сонда ғана арқамның құрыс-тұрысы жазылғандай, түйілгенім сәл-пәл шешілгендей болды... Атақты физик, салыстырмалылық теориясының, қазіргі квантты механиканың негізін қалаушы, әлемдік деңгейдегі аңыз адам Альберт Эйнштейн ғылымның ешқашан да және еш уақытта да жазылып біткен кітап еместігін, олай бола да алмайтынын айта келіп, «ғылымдағы әрбір маңызды табыстан жаңа мәселелер туындайды» дегені бар-ды. Ойға қонады. Мәселен, римдік дуалы ауыз Марк Тулий Цицеронның өз тұсында қайталанбас афиндік ұстазы Демосфен үлгісінен туындатып, «Ақындар туа пайда болады, шешендер жүре пайда болады» («Поэтами рождаются, ораторами становятся») деген тұжырымына ойланып қалған орыс данышпаны М.В.Ломоносов орыс ғылымында тұңғыш «Риторика» еңбегін жазғаны мәлім. Жазса жазғандай, бір өзі бір сом дүниеге татырлық әрбір афоризмнің өзі келелі құндылықтарға бастайтындай.

Абам ҚЫДЫРШАЕВ,
Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы

БҚУ - үздіктер мекені!

2021 жыл ордалы оқу ордамыздың озаттары үшін жеңісті болды. Түгел жылдың жетістігін санамаласам та, соңғы айдың өзінде айтулы жүлделер жетерлік.

Биылғы жылғы Батыс Қазақстан облысының әкімі Ғ.Есқалиев қатысқан «Жыл үздігі - 2021» Батыс Қазақстан облысының Жастар сыйлығында «Үздік студент» аталымын Смағұл Мағжан Өмірзақұлы иеленсе, «Үздік жас спортшы» номинациясын Сабитов Даниял иеленді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Румыния елінің астанасы Бухарест қаласында қол күресінен XXXXII Әлем Чемпионатында Университетіміздің Педагогика факультеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының ФКС-31 тобының студенті Байниязова Мерует 70-кг салмақ дәрежесінде ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ атанды!

Дәл осы ұлтымыздың Ұлық мерекесі қарсаңында волейболдан 17-команда қатысқан «Jastar» лигасында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан Университеті құрама командасы жүлделі 1-орынға ие болды. Жаттықтырушысы Абдрахманов Ибраһим Саматұлы барын салып, бәсекеде бас жүлдені басқаларға бермеді.

30-жылдық мерейтойға орай жоғары оқу орындарының студенттері арасында Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің жүлдесіне арналған Дзюдо күресінен Республикалық турнирде 57-келі салмақ дәрежесінде 1-орынды Университетіміздің Педагогика



факультеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті Мухамбетова Арна алса, 60-келі салмақ дәрежесінде 2-орынды «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курс студенті Амандық Ермахан қанжығасына байлады. Ал, 60-келі салмақ дәрежесін-



дегі 3-орынға «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 1-курс студенті Мукамбеткалиев Жантөреніе болды. Жеңісті күндеріміз көп, тәуелсіздігіміздің ордалы 30 жылдығы құтты болсын!

Алаштанушылардың алғашқы жеңісі!

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы 18-35 жас аралығындағы жастар арасында дәстүрлі түрде «XXI ғасырдағы Алаштың ақ жолы» атты жалпыұлттық ғылыми зерттеулер байқауын өткізіп келеді. Байқаудың жүлдесі де қомақты. Биыл байқауға қатысқан 300-ге жуық үміткерлердің арасынан 40 зерттеуші байқаудың 2-кезеңіне өтті.

Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Б.С.Боранбаеваның жетекшілігімен 7 желтоқсан күні Ақтау қаласында өткізілген байқаудың 3 кезеңіне қатысқан Тарих мамандығының 4 курс студенті Қажымұрат Ерғанат «Алаш қайраткерлерінің Қазақстандағы ашаршылықпен күресі» атты номинация бойынша жүлделі 2 орынға ие болып, 300 000 теңге, Алаш қайраткері,

қазақтың алғашқы дәрігерлерінің бірі Н.Ипмағамбетовтың өмірін архив деректері негізінде зерттеген Сағынова Әлия «Алаш қозғалысындағы аз зерттелген және беймәлім тұстары» номинациясы бойынша байқаудың 50 000 ынталандыру сыйлығына ие болды.

«Алаштану ғылыми зерттеу орталығының» мүшелері Қажымұрат Ерқанат пен Сағынова Әлияны шығармашылық табыстарымен құттықтаймыз!!!

«Алаш қайраткерлерінің Қазақстандағы ашаршылықпен күресі» номинациясы бойынша «Бөкей, Орал губернияларындағы ашаршылық (1920-1922 жж.) тақырыбында зерттеу жұмысын табысты қорғаған Ерқанат 14 желтоқсан күні Астана қаласында өткен байқаудың 3 кезеңі финалға дейін өтті.

Келешек жас ғалымдарды зерттеу жұмысындағы алғашқы жеңістерімен ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

Республикалық пікірсайыс турнирі

2021 жылдың 17-18 желтоқсан күндері БҚО жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен М.Өтемісов атындағы БҚУ-да Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған ашық республикалық пікірсайыс турнирі өтті. Пікірсайыс турниріне Нұр-Сұлтан қаласындағы халықаралық университетінің, Алматы қаласы Әл-Фараби атындағы ҚҰУ, Абай атындағы ҚҰПУ, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, Ақтөбе қаласы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің, С.Байшев атындағы Ақтөбе университетінің, М.Оспанов атындағы БҚМУ, Қазақ-Орыс Халықаралық университетінің, Х.Досмұхамедов атындағы АМУ, Қ.Дүтбаева атындағы АГК, Орал қаласындағы Жәңгірхан атындағы БҚАТУ, Ж.Досмұхамедов атындағы жоғарғы педагогикалық колледжінің, Жоғарғы аграрлық-техникалық колледжінің, Орал гуманитарлық-техникалық колледжінің пікірсайысшылары қатысты. 32 фракция 64 спикердің басын біріктірді.

Екі күнге созылған аламанда алқалы топта алға шығып, ой жүйріктігі мен шешендігін ұштастырып үздік нәтижеге қол жеткізген Ақтөбе және Алматы қалаларынан келген «Желтоқсан фракциясы» - Латифов Санжар, Бітімбай Исламбек I орынды иемденді. Өздерінің алғырлықтарымен және мықты идеяларымен Ақтөбе қаласынан келген «Leader Q» фракциясы - Аманқос Абай, Шекернаев Мейрамбек II орын жүлдегері атанды. Өздерінің ұшқыр ойын сауатты жеткізе білген Орал және Алматы

қалаларының пікірсайысшыларынан құралған «1991 фракциясы» - Габдулхали Ислам, Болатұлы Бекбол жүлделі III орынды жеңім алды. Республикалық турнирге алғаш қатысып отырған жас пікірсайысшыларға жастар финалы ұйымдастырылып, қорытынды бойынша Орал қалалық №33 мектеп оқушысы мен Ж.Досмұхамедов атындағы жоғарғы педагогикалық колледжінің студентінен құралған «2х» фракциясы - Темирханова Айнара, Игизгали Инабат «Жастар финалының жеңімпазы» атанды. «Үздік

талпыныс» номинациясына Қостанай қаласынан келген «Бәйтерек» фракциясы - Сарымсақов Айымбек, Сабитов Даулет лайық деп танылса тартысқа толы өткен «ЛД» финалында үздік нәтиже көрсеткен Айымбек Сарымсақов «Үздік спикер» аталымымен марапатталды. Төрешілердің көпшілік дауысымен «Үздік төреші» аталымын Жалмұқан Ерсұлтан иемденді. Ережеге сәйкес тағайындалған «Үздік вайзер» аталымын Елеуов Асылбек және Маратова Нұрайзат иемденді.

Мерген СҮЛЕЙМЕНОВ,
«Ақиқат» пікір талас орталығының төрағасы



ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мәдениет және өнер факультетінің ұйымдастыруымен факультет аралық «Екі жұлдыз БҚУ - 2021» ән байқауы өтті.

Екі жұлдыз
2021

Байқау қазақ тіліндегі патриоттық ән орындау, елімізге танымал композиторлардың қазақ тіліндегі эстрадалық әндерін орындау сынды 2 кезеңнен тұрды. Мәдениет және өнер факультетінің студенттері тәлімгерлік міндетін атқарумен қатар, басқа факультеттен қатысатын студенттермен бірігіп өнер көрсетті.

Байқауда төрелік еткен әділ-қазы алқаларының мүшелері - Өтегенов Еркін Бекмұратұлы - әділ-қазылар алқасының төрағасы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының көркемдік жетекшісі; Мамбетова Әсел Иманғалиқызы - М.Өтемісов атындағы БҚУ құрметті профессоры; Қисметов Қуаныш Лабидұлы - Мәдениет және өнер факультетінің дәстүрлі музыкалық және орындаушылық өнер кафедрасының меңгерушісі, доцент; Утегенова Гульмира Екпінқызы - Мәдениет және өнер факультетінің музыкалық білім және вокал кафедрасының аға оқытушысы, магистр; Ешимова Жанбота Есенғалиқызы - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің тәрбие бөлімінің жетекшісі, Жастар ісі жөніндегі комитет аға консультанты.

Байқау жоғары деңгейде өтті. Қатысушыларға қолдау көрсетіп келген жанкүйерлер құрамында шек болмады. Қатысушылар толықтай Дипломмен марапатталды. Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда демекші, байқау барысында кей жұптар оза жауып алдыңғы қатарға шықса, кей жұптар кішігірім айырмашылықпен кейінгі орындарға жылжыды. Нәтижесінде, 1-орынға Тапымов Бегжан мен Бейбітәлі Бекарыс, 2-орынға Гадилжанова Гульназ мен Ажмуратов Алихан, 3-орынға Сақы Ақерке мен Баймуратова Ратмира ие болды. Барлық қатысушыларға «Екі жұлдыз БҚУ-2021» кубогі мен дипломдар табысталды. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!!!

Әділ қазы алқалары қорытынды сөз сөйлеп, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді!!

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті.
Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 14.06.1995 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021 ж. қайта есепке алу туралы № КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 1270

РЕДАКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Дария ДЖУМАГАЛИЕВА, Шұғыла ЕҢСЕР, Гүлсезім СЕРІКБАЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН: Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

ИП «Старков С.А.»
баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ауельбеков көшесі, 98.
Тел.: 8-716-2-25-14-90

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru